



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№32

(916)

26 тамыз

2022 жыл

30 ТАМИЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

СЕРПІН БЕРЕР СЕРІКТЕСТІК

Каспийдің арғы бетіндегі көршіміз – Әзірбайжан елімен арадағы сауда-саттық көлемі жылдан-жылға артып келеді. Өткен жылғы көрсеткіш 300 млн долларды құраса, мамандар биыл 500 миллионға жетеді деп отыр. Бұған дәйекті негіз бар. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында өзара сауда-саттық өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3 есе өсіп, 100 млн долларға жеткен. Елімізден Әзірбайжанға жасалатын экспорттың негізгі бөлігін теміржол локомотивтері, мұнай өнімдері, бидай, ұн тағамдары және арнайы жүзу құралдары құрайды. Ал импорт құрамында пропилен мен этилен полимері, сым, тоқыма бұйымдары, кабель және кейбір жеміс түрлері бар.



Осы сәрсенбіде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әзірбайжанға ресми сапармен барды. Бакуде қол жеткізілген уағдаластықтар іскерлік қарым-қатынасқа тың серпін берері анық. Мемлекет басшысы сапар барысында Әзірбайжан Президенті Илхам Әлиевпен кездесіп, екі ел

арасындағы стратегиялық қарым-қатынасты нығайту және одақтастық іс-қимылдарды тереңдету жайын талқылады. Қ.Тоқаев Әзірбайжанға екіжақты ынтымақтастықты жана деңгейге шығару үшін арнайы миссиямен келгенін мәлімдеді.

(Жалғасы 5-бетте)

ЗҰЛМАТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 24 қарашасында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойып, көп кідірмей комиссия өз жұмысын бастап кетті. Мемлекеттік комиссияның құрамында Президент әкімшілігі, Үкімет өкілдері, Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттары, мемлекеттік һәм қоғамдық ұйымдардың жетекшілері және ғалымдар бар.

Мемлекеттік комиссияның құрамында жұмыс істеген ғалымдардың бірі – атыраулық Жамиға Таңатарова. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамиға Тәжікқызы мен Атырау облыстық мемлекеттік архив қызметкерлері Раиса Тастемірова, Материя Қаналиева сынды маманмен бірлесіп, облыстық архив мұрағаттарының «шаңын жұтып», жемісті еңбек етіп келеді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде білек түріне қызмет етіп келе жатқан ғалымнан атқарылған шаруа жайын сұрап, сұхбат алдық.

Жамиға ТАҢАТАРОВА, тарих ғылымдарының докторы, профессор:



САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ҰЛЫҚТАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

Jas qazaq: Жамиға Тәжікқызы, өзіңіз де саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін құрылған комиссияның мүшесі ретінде еңбектеніп келесіз. Білуімізше, сіз көбіне Атырау облысындағы кәмпескеге ұшырап, тәркілеудің төлкегіне түскен шаруашылықтарға қатысты архив деректерін көтердіңіз.

Жамиға Танатарова: 2020 жыл 24 қарашада ел Президенті Қ.Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік және аймақтық комиссияның бір бағыты кулактар мен байларды, жартылай феодалдар (орта шаруалардың) ақталмаған қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобы құрылған болатын. Топ құрамында өткен жылы 4 адам, осы 2022 жылы 3 адам жұмыс істеп, Атырау облыстық архивінде, Атырау облыстық Полиция департаменті архиві, Атырау облыстық Ұлттық қауіпсіздік департаменті архивінде, Махамбет ауданы, Исатай ауданы архивтерінде және Алматы қаласындағы ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі, ҚР Президенті архивіндегі деректермен құжаттарды іздеп тауып, зерделеу жұмыстарымен айналысты. Қазіргі таңда Атырау облысы бойынша Өңірлік комиссияның құжаттар жинағына материалдар өткізіп, ұжымдық монография мәтінін жазуға кірістік.

Мемлекеттік және аймақтық комиссияның бір бағыты – кулактар мен байларды, жартылай феодалдардың (орта шаруа деп те айтылады) ақталмаған қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу, анықталған, ғылыми айналымға енгізуге негізі қаланған қорытынды және ұсыныстар дайындау. Жұмыс тобының мүшесі ретінде Атырау облыстық архивте өнімді еңбек етіп, көптеген тың деректер, бұған дейін құпия саналып келген құжаттар да қолымызға тиді.

Кенестік билік 1928 жылы жаңа экономикалық саясаттан бас тартысымен, Қазан төңкерісінің ұстанымдарын негізге ала отырып, тап күресі теориясын жүзеге асыруға ашық кірісті. Бұл іске НКВД-мен қатар, жергілікті әкімшілік-күштік құрылымдар жұмылдырылды.

(Жалғасы 7-бетте)

ЖӘДІГЕР

САҚ ПАТШАСЫНАН ҚАЛҒАН ІЗ

ШҚО әкімдігі хабарлағандай, облыста қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археолог Зейнолла Самашевтың тобы Күршім ауданындағы обаны қазу барысында ат әбзеліне арналған алтын әшекейлерді тапты.

Облыс әкімі Даниал Ахметовтың айтуынша, жылқының сақ тайпасынан шыққан патшаға тиесілі болғаны анықталған. Өкінішке қарай, қорғанның өзі тоналған болып шықты, бірақ екі жасырын орны сақталған. Алғаш рет табылған металл үзеңгіде барыспен аң аулау сәті бейнеленіпті.

Жәдігерлер Өскемендегі мұражайға қойылды.



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)

101,68



DOLLAR

468



EURO

469



РУБЛЬ

7,2

БИЛІК

Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық даму, аймақтарды алға бастырудың стратегиялық жоспары.

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев түйінді мәселелерді тағы бір пысықтап, аймақ басшыларының есебін тыңдады.

Ең алдымен Ақордада Мемлекет басшысының төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті. Басқосуда қару-жарак өндіру мен сатып алу, сондай-ақ осы саладағы экспорттық бақылау мәселелері талқыланды. Президент Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы — Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың және қорғаныс министрі Руслан Жаксылықовтың баяндамаларын тыңдады.

Отырыс соңында мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берді.

Одан кейін Мемлекет басшысының төрағалығымен Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, Премьер-Министрдің орынбасары — қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов, есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова және ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров қатысқан кеңес өтті.

Бұл жиында еліміздің 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, сондай-ақ 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қамтитын мәселелер қаралды.

Үкімет басшысы Ә.Смайылов келтірген макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша, биылғы жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 3 пайыздан кем болмауы тиіс. Ал 2023 жылы 4 пайызға жетеді. Жалпы ішкі өнімнің номиналды өсімі биылғы 103,6 трлн тенгеден 2023 жылы 120,7 трлн тенгеге көтерілетіні болжанып отыр. Болжам бойынша, келесі жылы салық түсімдерінің артуы есебінен бюджеттің кіріс бөлігі 10,5 трлн тенгеден 13,5 трлн тенгеге дейін ұлғаяды.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттердің 2022 жылғы 4 триллион тенгеден 2023 жылы 2,2 триллион тенгеге дейін күрт төмендеуі күтіледі. Бұл болжам орындалса, құба-құп. Себебі пандемия басталғалы Ұлттық қордың кірісі емес, шығысының артуына отандық экономистер мен халық қалаулылары біраз аландаушылық білдірген еді. Ал макроэкономикалық тұрақтылыққа шикізаттық емес дефициттің

Осы аптада Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады.

М.Сұлтанғазиев Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика бар екенін айтып, стратегиялық даму жобасы туралы баяндады.

Дамудың негізгі 5 бағытынан тұратын 2 кезеңді қамтитын құжат 2025 және 2030 жылға дейін жүзеге асырылмақ. Алматы облысында

Облыс экономикасын дамытудың негізін қайта өңдеу секторы, агроөнеркәсіптік кешен, көлік, логистика және туризм құрамақ. Қазірдің өзінде облыста 2626 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін құны 290 млрд тенгелік 23 жоба іске асырылып жатыр. Агроөнеркәсіп кешені саласында 78 жоба (құны — 210млрд теңге) жүзеге асырылуда. Бұл 3330 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. АӨК жобалары облыстың барлық ауданында қолға алынған. Президент облыс дамуының стратегиялық жоспарын тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асыруды тапсырды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловты қабылдады. Өңір басшысы ауыл шаруашылығының дамуы, жылыту маусымына дайындық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жөнінде баяндады.

Қазір бұл өңірде күзгі егін жинау науқаны басталды. Биыл бидайдың бір гектарынан 16 центнер алу болжанып отыр. Аграрлық салаға 180 млрд теңге инвестиция тартылған. Қ.Ақсақалов Солтүстік Қазақстан облысында құны 76 млрд теңге болатын 31 жоба жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығына арнап 2,4 мың техника сатып алынған. Қазір бұл облыста 17 сүт фермасы, 3 құс фабрикасы, жылыжай кешені және май экстракциялау зауыты салынып жатыр. Сүт өндірісі 26 пайызға өскен.

Өнеркәсіп саласындағы жобаларға тоқталған өңір басшысы биыл кірпіш зауыты мен темір бетон бұйымдары, ірімшік шығаратын сүт зауыты ашылғанын айтты. Қағаз өнімдерін шығаратын фабрика мен автоклавты газоблоктар кәсіпорны іске қосылмақ. АЖТ, электр қалқанының жабдықтары және жеңіл темір құрылысы сынды жобаларды іске асыру басталды.

Облыста биыл 401 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Аймақтағы жолдарды жөндеуге биыл 22 миллиард теңге бөлінген. Бұл қаржыға 663 шақырым жол жөнделеді. Сонымен қатар 55 ауылда су құбырын тарту жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы мәлімет берілді.

Президент облыс әкіміне егін жинау науқанын жоспарға сай орындауды және облыстағы өзге де жобаларды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Талан ТІЛЕГЕН

БАҒА БЕЛГІЛЕУ

Биыл біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлем бойынша азық-түлік пен өзге де өнімдердің бағасы қымбаттады. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы өзінің халыққа арнаған Жолдауында тоқталып, Үкімет пен жергілікті әкімдерге баға мәселесін нықтап тапсырған болатын. Бұл орайда, әсіресе, азық-түлік бағасын еркімен жібермей, әлеуметтік маңызы бар тауарларға баға белгілеуге ерекше ден қойылуы қажет. Осы орайда Үкімет тарапынан бірқатар шаралар қолға алынды.

қараймыз. Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бес атауы бойынша өндірушілермен тікелей келісімшарт жасасу схемасына көшуді жоспарлап отырмыз. Біздің міндетіміз — тапшылыққа жол бермеу және негізгі азық-түлік өнімдері бағасының өсу қарқынын төмендету. Ең бастысы, толық бақылауды, оның ішінде өңірлік комиссиялардың қызметін бақылауды қамтамасыз ету. Делдалдарды анықтау бойынша өңірлік комиссиялар құру — Мемлекет басшысының тапсырмасы. Олардың жұмысын сауда және интеграция министрлігінің өңірлік бөлімшелерінің ресурстары есебінен күшейту қажет. Бұл жұмысты сауда комитетіне тапсырамын», — деді ол.

Сондай-ақ ол негізгі азық-түлік өнімдерін өндірушілер мен сатушылардың 8 салалық бірлестігінің басшыларымен кездесу өткізді.

қаймақпен қамтуды 100 пайызға жеткізуге дайын екенін айтты. Кездесуге қатысушылардың барлығы осы көрсеткішке қол жеткізу үшін не қажет екенін, сондай-ақ саланың негізгі проблемалары мен бағаларды тұрақтандыру және негізгі азық-түлікті ішкі нарыққа жеткізу бойынша ұсыныстарын жеткізді. Өндірушілер үшін әр саланың ерекшелігін ескере отырып, көптеген мәселелердің негізгі шешімі —

мамандандырылған автомобильдер мен автобустар үшін бекітілген лимит 300 литр үшін тәулігіне өңіріне қарай литріне 230-260 теңге бағамен сатылады. Қалған санаттағы адамдарға,

ДЕЛДАЛДАН АРЫЛУ & ЖАНАРМАЙ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ

Соның бірі — айналым схемаларын және делдалдарды анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысын қайта қарау.

Осы орайда Премьер-Министрдің орынбасары-сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Серік Жұманғариннің төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру мәселелері бойынша кеңес өткізілді.

Соңғы мәлімет бойынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құны 0,2 пайызға өсті. Мәселен, түтік кеспе (+2,1%), күріш, құнбағыс майы және тұз (+1,3%), ұн, сүзбе және кант (+0,6%) бағалары едәуір өсті. Көкөніс өнімдері — пияз (-4,6%), картоп (-1,8%), қырыққабат (-1,7%) және сөбіз (-1,5%) бағасы төмендеді.

Сауда және интеграция министрлігі сауда комитетінің төрағасы Ержан Қазанбаев облыстардағы сауда үстемесі жөніндегі комиссиялар мен мониторингтік топтардың жұмысы туралы мәселені көтерді. Ол комиссиялардың жұмысын түгелдей қайта қарап, азық-түлік бағасының қалыптасуына тікелей әсер етіп отырған арадағы делдалдарды анықтауға жұмылдыруды ұсынды. Шындығында, делдалдың жолын кесу — бүгінге дейін шешімін таппай отырған мәселе. Айталық, отандық өндірушінің өнімі дүкен сөресіне немесе базарға жеткенге дейін арада бірнеше делдалдың қолынан өтуі мүмкін. Сондықтан делдалға тосқауыл қойылса, азық-түлік, жеміс-көкөністің бағасы едәуір арзандайтыны анық.

Осы орайда Серік Жұманғарин алдағы кезеге арналған міндеттерді белгіледі. «Біз негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндірушілер қауымдастықтарымен кездесу сессиясын өткіздік. Айналым қаражатын қаржыландыру және бөлу схемасын қайта



«Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қабыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне өкеп соқтырды. Таяу уақытта бұл бағалар шарықтап кетуі де әбден мүмкін. Алмағайып өзгерістер жағдайда тез бейімделіп, барынша үйлесімді өрекет етуі тиіс. Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді».

(Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жол» Жолдауынан. 2022 жылғы 16 наурыз)

Олар — Сүт одағы, Құс өсірушілер одағы, Астық одағы, Май өндірушілер одағы, Фермерлер одағы, Картоп және көкөніс өсірушілер одағы, Астық өңдеушілер одағының, сондай-ақ Кант, тамақ өңдеу өнеркәсібі қауымдастығы, Май өнімдерін өндірушілер қауымдастығы, Қазақстанның жұмыртқа өндірушілер қауымдастығының өкілдері.

Азық-түлік бизнесінің өкілдері саладағы өзекті мәселелерді және халықтың азық-түлік қажеттіліктерін қамтамасыз ету мүмкіндіктерін атап өтті. Қазақстан Сүт одағының атқарушы директоры Владимир Кожевников сүт, айран,



сондай-ақ көрсетілген лимиттерден жоғары дизель отыны литріне 450 теңгеден сатылады.

Сондай-ақ энергетика министрлігі мүдделі тараптармен бірлесіп, автожанармай құю стансаларында (АЖКС) сатылатын дизель отынының тәуліктік көлемін одан әрі қалағалау үшін ақпараттық жүйені анықтауға байланысты мәселелерді пысықтауда. Жуық арада АЖКС өкілдерімен бірлесіп, жүйелерді тестілеу өткізіледі. Қазір 2019 жылы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесі» ықтимал нұсқалардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Еліміздегі АЖКС нақты уақыт режимінде мұнай өнімдерінің қалдықтары бойынша деректерді көрсетілген ақпараттық жүйеге беріп жатыр. Үкіметтің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1177 қаулысына сәйкес, осы ақпараттық жүйенің операторы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ болып табылады.

Осы аптада Премьер-Министр жанар-жағармай бағасын бақылау және тапшылығына қол бермеу жөніндегі тұрақты жұмыс комиссиясын құруды Роман Склярға тапсырды: «Ұлттық экономика министрлігі бәсекелестікті қорғау агенттігімен және өкімдіктерімен бірлесіп, баға негізсіз көтерілген жағдайда тиісті ден қою шараларын қабылдауды қамтамасыз етсін».

Сондай-ақ Үкімет басшысы индустрия министрлігі, «ҚазМұнайГаз» және «Қазақстан теміржолы» компаниялары мұнай өңдеу зауыттарынан мұнай өнімдерін уақыттылы жіберуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауы қажеттігін атап көрсетті.

Фирифлқ даму және энергетика министрліктері дизель отынын сатудың тәуліктік лимиттерін бақылау жөніндегі ақпараттық жүйені жетілдетуі тиіс. Ал энергетика министрлігіне өңір өкімдіктерімен бірлесіп, егін орағы кезінде шаруаларды жанар-жағармаймен уақыттылы қамтамасыз ету мәселесін тұрақты бақылауда ұстау туралы тапсырма берілді.

Наргүл Мырзахмет

Сұхбат

Еліміздің экономикалық әлеуетіне ауыл шаруашылығы саласының тиізетін пайдасы орасан. Экономика ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің бас ғылыми хатшысы Үкілай Керімовамен сұхбатымыз негізінен агроөнеркәсіп кешенін дамыту, жаңғырту, ауыл шаруашылығы саласын өрістетудің тиімділігі жайында өрбіді.

Jas qazaq: Ел экономикасының күретаымы саналатын ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытын қалай бағамдайсыз?

Үкілай Керімова: Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені 30 жылдың ішінде бірнеше белестен асты, біраз нәтижеге қол жеткізді. Осы жылдар

Үкілай Керімова: Ғылыми негізде тұжырымдалған, азық-түлік нормасына жататын тағамдардың ішінде біз алты түріне тәуелдіміз. Олар — құс еті, шұжық, ірімшік, балық секілді теңіз өнімдері, жеміс-жидек және қант. Жоғарыда сөз еткен ауыл шаруашылығын дамыту бағытындағы тұжырымдамала жазылған: біз 2025 жылға қарай қанттан басқаның бәрін өзіміз қамтамасыз етеміз. Қант тапшылығын 2030 жылға қарай жоямыз, яғни сырттан тасымай, өзіміз өндіретін қауқарымыз болады. Әрбір адам жылына 26 келі қант тұтынады деп есепке алсақ, оның ішінде тосап қайнатады, шырынды сусын әзірлейді дегендей. Осы норманың тек 2 келісін ғана біз өзімізде өсіріп, өңдеп өндіреміз, 24 келіні шетелден келетін шикізатты өңдеумен, дайын шекерді сатып алумен толықтырамыз.

Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің мөлшері 70 триллион теңге десек, ауыл шаруашылығы 4 триллион теңгеге жуықтайды.

Ауыл шаруашылығын дамыту жолында әртараптандыру маңызды қадам болып отыр. Еліміздегі өсіріліп, өндірілетін астықтың 80 пайызға жуығын теріскейдегі үш өңір: Костанай, Ақмола, Павлодар облыстары өндіретіні белгілі. Әртараптандыру мақсатында егіндік алқаптарды шегеріп, оның орнына көпжылдық жем-шөп пен майлы дақылдарды егуді қолға алды агрономдар. Ертеректе майлы дақылдарға деген зәрулік бізде қатты білінетін, шүкіршілік дейміз осы күнде майлы дақылдарды көршілес елдерге экспортқа шығару мүмкіндігін де пайдаланып отырмыз. Жеміс-жидек өсіретін алқаптардың да көлемін кеңейтіп, өрісін үлкейтіп, түсімді молайтуға әлеуетіміз жетеді.

жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін өсірулі қолға алушылардың арасында шетелден көшет әкеліп, тұқым тасып егушілер де бар. Ғалымдар сол шетелдік өніммен бірге ауру түрлері де таралғанына қынжылыс білдіреді. Мысалы, жеміс ағаштарына жаудай тиетін бактериялық күйік деген ауру бар. Күн күйдіргендей жеміс ағаштарының сабағын күйдіріп жібереді. Басқа да ауру түрлері жел арқылы тез тарап, алқапты бүлдіреді. Біздің орталықта егілген әрбір көшеттің бойында дәзі, сырқаты бары, я жоғы зертханада терең зерттеліп, қатан қадағаланып отырады.

Көкөніспен қамтамасыз ету мәселесін шешу де маңызды болып отыр. Бұл бағытты дамытуға сақтайтын қойманың тарлығы мен өндірілген өнімді өңдейтін зауыттардың жоқтығы қолбайлау болып отыр. Агрономдар көкөністерін сақтайтын қойманың аздығынан, ұзаққа сақтау үшін өңдейтін зауыттардың жоқтығынан көкөністерін тек маусымдық кезеңде — жаздың соңы мен күздің орта тұсына дейінгі аралықта сатып жіберуге мәжбүр. Ал егер бізде сақтайтын қоймамыз жеткілікті болса, қыстан көктемге дейінгі көкөзек шақта картопты шетелден импорттамай, өзіміздің өндірген өнімдерді тұтына береміз. Бұл мәселенің де түйіні келешекте онынан туады деп санаймыз. Өйткені азық-түлік қауіпсіздігін жүйелеу жолында үкімет маңызды қадамға барып, тиісті шараларды қолға алып отыр.

Jas qazaq: Төрт түлігін түлетіп, қымызын балдай сапарып, бағлан етін кертіп жеген бабаның ұрпақтары бұл күнде мал шаруашылығын қалай өрістетіп келеді?

Үкілай Керімова: Мал шаруашылығы да өрісін кеңейтіп келе жатқан сала. Осы шаруашылыққа тиесілі төрт түліктің 66 пайызға жуығы жеке қолда өсіріледі, яғни ауылдағы ағайынның қорасындағы малы. Бірақ бұлар үдемелі инновациялық бағытта

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында агроөнеркәсіп кешеніне ерекше көңіл бөлініп, сапа қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелді. Еліміздің агроөнеркәсіп кешені азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған экономиканы дамытудың басым бағыттарының бірі екені

анық. Сондықтан аталмыш құжаттағы берілген тапсырмалардың орындалуы да мән-маңызға ие. Президент Жолдауында: «Қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аудару қажет. Қажетті жанар-жағармайды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек. Ауыл шаруашылығы техникалары дайын, тұқым мен тыңайтқыш қорлары жеткілікті болуы тиіс» делінген. Ақ Жайық өңірінде Жолдаудағы тапсырмалардың орындалуы көңіл тоғайтады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ



Осы орайда облыстық ауыл шаруашылығы басқарма басшысының орынбасары Денис Омашев былай дейді: «Батыс Қазақстан облысы бойынша 2022 жылғы барлық ауыл шаруашылығы дақылның егіс көлемі 586 мың гектарды құрады, бұл — жоспардың 112,5 пайызы (521 мың га). Соның ішінде дәнді дақылдар — 203 мың гектар, майлы дақылдар — 185 мың гектар, мал азығы дақылдары — 188 мың гектар, картоп, көкөніс-бақша дақылдары 9,4 мың гектар (100%) болды. Көктемгі далалық жұмыстардың басталуына ауыл шаруашылығы техникалары толықтай дайындалып, қажетті тұқыммен, арзандатылған жанар-жағармаймен және тыңайтқыштармен толық көлемде қамтамасыз етілді. Бүгінгі таңда облыс бойынша дәнді дақылдар алқабының 58 пайызы орылып, әр гектарына 16,1 центнерден орташа өнімділікпен 188,9 мың тонна астық алынды. Бұл көлем былтырғы астық көлемімен салыстырғанда 114 пайызды құрады (165,6 мың тонна). Бүгінде егін ору жұмыстары жалғасуда».

Мемлекет басшысы, сондай-ақ Жолдауда тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөңсіз қымбаттауының алдын алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажеттігін айтқан болатын. Осыған орай бүгінде облысымызға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру үшін 2 262,1 млн теңге қаражат қарастырылған. «Жалпы бұл қаражат есебінен 8 690 тонна азық-түлік өнімін белгіленген баға бойынша сатуға кәсіпкерлік субъектілеріне 1 800,5 млн теңге несие берілді. Қазіргі уақытта 994,9 млн теңгеге 4 708 тонна (қарақұмық жармасы, қант, күріш, күнбағыс майы, картоп, сәбіз, пияз, сүт, розжи) көлемінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қоры бар. Қосымша маусымаралық кезеңде бағасы күрт өсетін тауарлардың бағаларын тұрақтандыруға қосымша қарыз беру жоспарлануда», — делі Денис Молдағалиұлы.

Д.Омашевтың айтуынша, өңірде бағаны тұрақтандыру мақсатында жиналатын өнімнің 15 пайызын нарықтағыдан 15 пайызға төмен бағамен сату үшін облыстың 127 шаруашылығымен меморандум жасалды. Тұрақтандыру қорының тауарлары белгіленген бағамен «Ақжайық» ӘҚК» АҚ-ның 15 сауда нүктесінде, «Лидер», «Алтындар», «Желаев Хан» сауда желілерінде, «Мирлан» сауда базарында, «Манго» әлеуметтік дүкенінде, БҚО-ның 11 ауданында (26 дүкен) және апта сайын өтетін ауыл шаруашылығы жәрменкелерінде сатылды. Бұдан бөлек, үн мен нан бағасын тұрақтандыру мақсатында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ-мен арадағы меморандум аясында наурыз-тамыз айларына көзделген (тоннасы 90 мың теңгеден алынатын) 15,9 мың тонна бидайды облыстың үн тартатын кәсіпорындары («Белес-Агро» ЖШС, «Желаев АӨК» АҚ) толығымен сатып алды. Арзандатылған бидайдан облыстың наубайханаларына 1-сұрыпты ұнның келісі 135 теңгеден сатылса, наубайханалар өз кезегінде осы сұрыпты ұннан пісірілген бір бөлке нанды 90 теңгеден сатуда.

Өңірде картоп пен көкөніс өнімдеріне тапшылықты жою және облыс халқының қажеттілігін толық қамтамасыз ету мақсатында 2022–2025 жылдарға арналған «Жасыл белдеу» тұжырымдамасы жасакталған. Осы тұжырымдама аясында 2025 жылға дейін картоп алкабы 708 гектарға, пияз 255 гектарға, сәбіз 725 гектарға және қырыққабат 465 гектарға (барлығы 2 153 га) ұлғаймақ. Биыл 60,5 мың тонна картоп, 5,2 мың тонна сәбіз, 5,7 мың тонна пияз және 6,2 мың тонна қырыққабат өнімін жинау жоспарланып отыр. Бұл тұрғындарды картоппен 91 пайыз, сәбізбен 64 пайыз, пиязбен 81 пайыз, қырыққабатпен 61 пайыз қамтуға мүмкіндік береді. Қалған өнім көлемін республиканың оңтүстік өңірлерінен жеткізу ойластырылуда», — деді Д.Омашев.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Үкілай КЕРІМОВА, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің бас ҒЫЛЫМИ ХАТШЫСЫ: АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУЫТҮ – ЕЛДІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ

бедерінде ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытында оннан астам заң жобалары қабылданды, бағдарламалар іске қосылды. Бірнеше жылдарды қамтитын бағдарламалар, кооперация, жер туралы, оның ішінде, суармалы, жайылымдық алқап туралы заңдар қабылданып, жүзеге асып келеді.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы дамуының денгейін азық-түлік қауіпсіздігін жан басына шаққандағы өнімнің көлеміне өлшеп бағамдауға болады. Азық-түлік қауіпсіздігіне онша алаңдамайтын, әрбір жан санына шаққанда ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамти алатын мемлекет жокшылықтан да, таршылықтан да, басқа да ауыртпалықтардан қорқа қоймайды. Өйткені өзін-өзі толықтай қамтамасыз ете алады. Бұл жағынан салыстырғанда біздің елімізде қалай? Осыған тоқталайық. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында ауыл шаруашылық саласын дамытудың кешенді тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжат 2025 жылға дейін, одан бөлек, 2030 жылға дейін жүзеге асырылып, орындалуы тиіс бағдарлама да бар. Бұл арада мынадай жайттың басын ашып айту керек. Кез келген дамыған ел болсын, дамудың көшінде алдыңғы лекте келе жатқан мемлекет дейсіз бе, кім де болса өзін-өзі азық-түліктің барлық түрімен 100 пайыз қамти алмайды. Өйткені оған климаттық ахуалы көтермейді, басқа да себептері толып жатыр. Ал өз халқын азық-түлікпен 80 пайызға жуық қамти алған мемлекет ол әлеуеті зор болып саналады. Мысалы, біздің елдің табиғатына жерсінбейтін, өспейтін жеміс-жидек, теңіз, мұхит өнімдері бар.

1996 жылы қабылданған «Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Рим декларациясы» бойынша, жан басына шаққанда 1 тонна астық өндіретін мемлекет азық-түлік қауіпсіздігіне аса алаңдамауына болады. Ал біз түсім мол алып, жауын-шашын көп болған жылдары жан басына шаққанда астық өнімдерін 1 тоннадан аса жинаймыз. Экспортқа да шығарамыз. Бір жылдары егініміз бітік шыққанда, 10 миллион тоннадай астық өнімдерін экспортқа жібердік.

Jas qazaq: Өзінің айтқандай, біздің елдің табиғатына жерсінбейтін, өспейтін-өңбейтін де өнім түрлері бар, өзге елдерден өзімізде өндірілмейтін өнімдерді сатып аламыз ғой?



Jas qazaq: Әртараптандыруды оңтайлы іске қосып, жүзеге асыру жолында да жаңашылдық тәсіл, инновациялық бағытты ұстану нәтижеге жеткізетінін әлем елдері дәлелдеп отыр.

Үкілай Керімова: Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандарды, оның ішінде жеміс-жидек, көкөніс мамандарын, агрономдарды әзірлейтін оқу орны тек біздің университет қана. Қазақстан бойынша жеміс-жидек, көкөніс өсіруді мақсат еткен агрономдар мен бағбандарға жоғары білім беріп, кәсіби маман әзірлейтін ордамызда оқу, ғылыми-тәжірибелік орталығы болып саналатын агроуниверситетіміз бар. Осы орталығымызға тиесілі шаруашылықта 2 гектар жерге қарқынды бак егілген. Инновация демекші, осы бақта біз голландиялық технологиямен 40 түрлі жеміс көшетін отырғызып, өсіріп келеміз. Қарқынды бак деп аталуының себебі, ағаштары жемісті екі-үш жылдан кейін-ақ бере бастайды. Өйткені технология сондай. Ал егер кәдімгі бакшадағы алма көшеті еккен соң бес-алты жыл күтім көріп барып қана жеміс берсе, ол студенттерге қандай тәжірибе болады? Төрт жыл оқу кезінде болашақ агрономдар өздерінің еккен көшетінің қалай жеміс бергенін көріп үлгере алмай қалады. Осы жағын ескеріп, біз қарқынды бакты еуропалық стандартпен голландиялық технологияны негізге алып өсіріп жатырмыз. Біздің көшеттердің өнімділігі жоғары. Осы жерде мына мәселеге назар аударғым келеді. Елімізде

өсіп жатыр деп айтуға келмейді. Ұсақ шаруашылықтар да өте көп. Шағын шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлерге тиесілі жайылымдық, шабындық жерлердің көпшілігі 110 гектардан аспайды. Кооператив құру туралы заң жобасы қоғамда талқыланып, қабылданды. Бірақ жүзеге асуында қайшылықтар көптеп кездесті. Заңды іске асыру механизмінде де кереғарлықтар басым. Соның да әсері болды ма, кооператив құру шаруасы әлі де ақсап тұр. Мал шаруашылығын дамыту бағытында да мемлекеттің қамқорлығы, қаржылай қолдауы көп.

Jas qazaq: Оқу ордасының кіреберісіндегі қабылдау комиссиясында талапкерлердің шоғыры көп екенін байқалды. Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандықтарға жастардың қызығушылығы артып келе жатқаны қуантты.

Үкілай Керімова: Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлайтын еліміздегі жетекші оқу ордасы болғандықтан да жыл сайын 2 мыңнан астам жас талапкер біздің университетке келеді. Оның ішінде 95 пайыздан астамы ауылдың балалары. Бұл көрсеткіш азайған жоқ, керісінше, артып отыр. Кадрларды даярлау ісінде мәселе жоқ, ал сол жас мамандар оқу бітірген соң екі қолға бір күректі өзінің саласынан таба ала ма? Бағымызға қарай, біздің оқу орнын тәмамдаған түлектердің 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы саласынан өзінің мамандығына сай жұмысқа орналасады. Өнім өндіру ісінде, тасымал, яғни логистика саласында, басқа да ауыл шаруашылығының сан тарау сілемдерінде біздің түлектеріміз, талапты шәкірттеріміз жұмыс істеп, елдің агроөндірістік тармағы қарқын алып дамуына үлесін қосып келеді.

Jas qazaq: Өңігіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуан РАЗАҚ

MEGAPOLIS

Біздің сұхбат

Шымкент қаласында мектептер жаңа оқу жылына сақадай-сай. Жыл соңына дейін жеке инвесторлардың есебінен жаңадан 30 мектеп ашылады. Сондай-ақ 4 мектепте қосалқы оқу ғимараттары салынды. Осының арқасында үш ауысымды мектептердің саны 9-дан 5-ке азайғалы отыр. Қосалқы оқу корпустарының салынуы қосымша жұмыс орындары ашылады деген сөз. 1-4 сынып оқушылары 100 пайыз ыстық тамақпен қамтылғандығы да шаһардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары екенін көрсетеді. Мегаполистің білім саласындағы өзгерістер мен жаңалықтары, жаңа оқу жылына дайындығы туралы қалалық білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева әңгіме өрбітті.

— **Жанат Арысбекқызы, өне-міне дегенше оқушылардың үш ай демалысы да тәмамдалғалы тұр. Осы орайда мектептер мен балабақшалардың жаңа оқу жылына дайындығы қалай?**

— Бүгінгі таңда қаладағы 577 мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде кезекте тұрған 88 429 баланың — 88,6 пайызы мектепке дейінгі білім беру ұйымымен қамтылған. Оның ішінде 3-6 жас аралығындағы 53 558 бала — 100 пайыз, 2-6 жас аралығындағы 76 416 баланың 89,3 пайыз (*68 254 бала*) қамтылған. 2 балабақшаға күрделі жөндеу жүргізу үшін қаржы қаралды. 28 балабақша ашу (*2 480 орынға*) жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мемлекеттік балабақшаларға толығымен бейнебақылау жүйесін орнату жұмыстары жүргізілуде.

Биыл 1-сыныпқа 28 мың бала қабылданады деп күтілуде. 2022 жылы оқушыларды қосымша біліммен қамту жоспары — 77,1 пайыз деп жоспарланған. 11 қосымша білім беру ұйымы және 17 аула клубы және мектепшілік түрлі үйірмелерде қала оқушыларының 76 пайызы қосымша біліммен қамтылған. Оның ішінде жан басына қаржыландыру есебінен 32 000 бала қамтылуда. 1-4 сынып оқушылары 100 пайыз ыстық тамақпен қамтылған. 54 мектеп ыстық тамақ қаржысын төлеу барысында қолма-қол ақшасыз қарточкалық жүйеге өткізілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін 1 ПМПК, 1 ППТК ашу үшін тиісті құжаттамалары ресімделуде. 122 логопункт кабинеттері, қосымша 46 логопед штат бірліктері, 126 мектеп жанынан медиация кабинеті ашылады.

Осы орайда шаһар басшысы Мұрат Дүйсенбекұлы педагогтердің бейінділігін реттеу, медицина, спорт, білім саласы бірлесіп, инвесторларды тарту мақсатында кәсіпкерлерге арналған ауқымды көрме ұйымдастыруды тапсырды. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр.

— **Бытырдан бастап қаламызда жекеменшік мектептер ашыла бастады. Биыл олардың саны тіптен көбейген сияқты ма?**

— Иә, Шымкент қаласында жыл соңына дейін жеке инвесторлардың есебінен жаңадан 30 мектеп ашылады. Сондай-ақ 4 мектепте қосалқы оқу ғимараттары салынды. Осының арқасында үш ауысымды мектептердің саны 9-дан 5-ке азайғалы отыр.

спортзал, 110 орындық асхана және 10 мың кітап қорына арналған кітапханасы 8 орындық оқу залымен қарастырылған. Жаңа ғимарат құрылысы аяқталғанда 38 адамға тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туады. Өткен жылы құрылысы басталған мектептің корпусы жаңа оқу жылына дейін пайдалануға берілмек.

Екіншісі — 18 шағынауданда орналасқан №38 орта мектеп. Мұнда 1,9 гектар жерге қосымша ғимарат салынуда. Жобаға сәйкес, нысанда 375



Жанат ТӘЖИЕВА, Шымкент қаласы білім басқармасының басшысы:

30 МЕКТЕП – ЖЕКЕ ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІНЕН

оқушы орны, спортзал, 76 орындық асхана қарастырылған. Жаңа ғимарат құрылысы аяқталса, 27 тұрақты жұмыс орны ашылады. Құрылыс жұмыстары тамыздың соңына дейін бітуі керек.

Одан соң қаладағы ең көне мектепке жаңа оқу корпусы салынуда. М.Дулати атындағы №8 мектеп-гимназиясында қосымша оқу ғимараты салынып жатыр.

Білім мекемесінің іргетасы осыдан 147 жыл бұрын қаланған. Бүгінде оқушыларға үш тілде білім беретін мамандандырылған гимназияға айналған. Мектептің кей аумағы көнеріп, санитарлық талап пен өрт қауіпсіздігі талабына сай емес екені анықталды. Осындай олқылықтың орнын толтыру мақсатында, қосымша оқу корпусының құрылысы жүргізілуде.

Жаңа ғимарат 1 100 оқушыға лайықталған. Одан бөлек, жобада 250 орындық акт залы, спортзал, 20-30 мың кітап қорына арналған кітапхана және 20 оқу залы және 320 орындық асхана қаралған. Құрылысы өткен жылдың маусым айында басталған. Пайдалануға беру мерзімі 2023 жылға жоспарланып отыр.

Аталған гимназия 2021 жылы Қазакстан бойынша үздік «100 олимпиадалық мектептер» тізіміне енген. Тек үздіктерді тәрбиелеп отырған мектептің қосымша ғимаратпен толығы білімді жастардың көбеюіне жол ашатыны айқын.

Пайдалануға беру мерзімі 2023 жылдың тамызына жоспарланып отыр.

№65 мектеп гимназиясында 600 орындық жаңа ғимарат салынуда. Сайрам шағынауданында орналасқан білім ұйымына оқушы санының артуына байланысты ғимарат қажеттілігі туындаған. 2021-2022 оқу жылында №65 мектепте 3 268 оқушы білім алды. Сыйымдылығы 1251 оқушыға арналған ғимаратта 3 ауысымда сабақ жүргізілген. Жаңа ғимарат бой көтерсе, екі ауысымда мыңнан аса оқушы білімін жалғастыра алады.

Жобада 25 оқушыға лайықталған 24 сынып бөлмесі, ашық спорт алаңы, онда футбол мен жүгіруге арналған арнайы жол және есік алдына субұрқақ, қокыс контейнерлеріне арналған орын қаралып отыр.

Қосымша ғимарат қажеттілігі жөнінде 2021 жылы сынама өткізіліп, оң қорытындысы шыққан. Қазір құрылысқа бөлінген жер көлемінің аумағы — 0,92 гектар, құрылыс ауданы 1995,85 шаршы метрді құрайды. Осы жылдың наурыз айында басталған жұмыстар 2023 жылдың тамызында пайдалануға берілмек.

№45 мектепке де жапсарлас ғимарат салынуда. Құрылыс Ш.Қалдаяков көшесінің бойында 1,2909 гектар аумақта жүргізілуде.

пайызы орындалған. Күрделі жөндеу қыркүйекке дейін толық аяқталмақ.

Қаланың іргесіндегі Сайрам тұрғын алабындағы Ю. Саремиді атындағы №107 мектеп-лицейі де күрделі жөндеуден өтуде. 2000 орынға арналған мектеп 3 қабаттан тұрады. Бұл білім ошағының жылу жүйесі 11 жыл бұрын ауыстырылса, шатыры мен бірнеше есік-терезесінің қойылғанына 8 жыл болған. Биыл ғимараттың тозығы жеткен тұстары бүтінделіп, шатырының 955 м² ауысты, электр жүйелері 100 пайызға жаңарды. Информатика, физика, химия, биология, логопед кабинеттері заман талабына сай жаңғырып, 2 интерактивті такта, 350 ноутбук, 130 компьютер, 200 планшет, 8 панель сатып алынды.

Жалпы білім ошағы жаңа оқу жылына 90 пайызға дайын. Қазіргі таңда аяқ жолдар төселіп, асфальттау жұмыстары жүруде.

— **Мегполисте жыл өткен сайын халық саны көбейіп келеді. Сәйкесінше, мектеп жасындағы балалар да көп. Бұл жаңа мектептер салу қажеттілігін туындатады. Биыл қанша мектеп салынып жатыр?**

— Сапалы білім беру мақсатында 5 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес, 2025 жылға дейін 86 079 орындық 101 мектеп салу жоспарланған. Осы жылы балалар игілігіне берілетін мектептердің бірі — Қайтплас-1 шағынауданында орналасқан 228 орындық Әлихан Бөкейхан атындағы бастауыш мектеп. 2 қабатты ғимаратта 12 оқу бөлмесі,

орын тапшылығын 2025 жылға дейін толығымен шешу жоспарланған. Қаламызда жекеменшік мектептердің үлесі артып келеді. Биылғы жылы қолданысқа берілетін 24 мектептің 20-сы жеке инвестор есебінен.

✓ Нұрсат шағынауданы, Нұр-Сұлтан даңғылында орналасқан 300 орындық «Жас-Дарын-5» жекеменшік мектебі — өткен жылы құрылысы басталған мектеп биыл пайдалануға беріледі. 3 қабатты, 12 оқу бөлмесі, кітапхана, асхана, мәжіліс залы, спортзал, мед кабинет қарастырылған.

✓ Қаратау ауданы, Бозарық шағынауданындағы 240 орындық «Жас-Қанат» жекеменшік мектебі — жоспарға сай 3 қабатты, 12 оқу бөлмесі, кітапхана, асхана, мәжіліс залы, спортзал, мед кабинет те болады.

✓ Қаратау ауданы, Достық шағынауданындағы 300 орындық «Жан-Нұр» жекеменшік мектебі — 2 қабатты, 12 оқу бөлмесі, кітапхана, асхана, спортзалы, медицина кабинеті болады.

Сонымен бірге Асар шағынауданындағы 500 орындық «Keremet-City», 240 орындық «Нұртас» интеллектуалдық жалпы орта мектебі және Ақжайық шағынауданындағы «PARASAT AJ» мектептері бой көтеруде.

Барлық мектептің жаңа дизайнда, сапалы элементтерден жасалуы шаһар басшысының жіті бақылауында.

Шымкентте лингвистикалық элиталы бастауыш мектеп ашылады. 2020 жылдан бастап еліміздегі барлық қалалық мектептер жан басына қаржыландыру жүйесіне көшті. Аталған жүйе Шымкент қаласында өз нәтижесін беруде. Соның бірі — Әл-Фараби ауданы Қонаев даңғылында «OSCAR» лингвистикалық элиталық 480 орындық жекеменшік бастауыш мектебі 3 қабатты, 30 оқу бөлмесінен тұрады. Асхана, спортзалы, мәжіліс залы, медициналық кабинет те қарастырылған.

Мектеп жаңа оқу жылына 95 пайыз дайын. Бүгінде мұнда жиһаздар қойылуда. Акт залы, спорт залына жұмсақ төсеніштер төселіп, асханаға қажетті заттарды орналастыруда.

Әл-Фараби ауданы, Ә.Жангелдин көшесі, №13 ғимаратта орналасқан «№1 TALANT» жалпы білім беру



оқушылар асханасы, мед кабинет, спортзал қарастырылған. Осы жылы пайдалануға беріледі.

Жалпы Шымкентте өткен жылы 11 764 орынға арналған 25 мектеп пайдалануға берілді. Нәтижесінде жаңа оқу жылында апатты мектеп мәселесі толығымен жойылып, үш ауысымды мектептер саны 14-тен 9-ға төмендеді.

Биыл жалпы 34 мектептің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 10 нысанның құрылысы 2021 жылдан

мектебі 1200 орындық, 5 қабаттан тұрады. Жобаға сәйкес 60 оқу бөлмесі, 48 кабинет, асхана, спортзалы, мәжіліс залы, медициналық кабинет бар. Аталған мектеп оқу жылына балаларды қабылдауға толығымен дайын.

«Жас-Дарын-3» мектебінің құрылысы жүргізілуде. 300 орынға лайықталған мектеп 3 қабаттан, 12 оқу бөлмесі, 8 кабинет, асхана, спорт залы, мәжіліс залы, медициналық кабинеттен тұрады. Абай ауданы

Темірлан тасжолы көшесі, 19/2 ғимаратта орналасқан. Білім мекемесі оқу жылына 98 пайыз дайын. Қазіргі таңда тактатас төсеу, қоршалуы мен абаттандыру жұмыстары жүруде.

Бозарық-3 шағынауданында жаңа спорт мектебі салынуда. Шымкент қаласының ауыр атлетикадан олимпиадалық резервін дайындайтын балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебінің жанынан қосымша тағы спорт мектебі салынуда. Аумағы — 0,3200 гектар. Жобаға сәйкес, нысанда бір ауысымда 10-нан 23 жас аралығындағы 100 оқушы жаттыға алады. Бірінші қабатта — ауыр атлетика залы (*олимпиадалық штанга — 190 кило, тренажерлер — 180 кило*), киім ауыстыру бөлмелері, жуынатын бөлмелер (*ерлер — 64 орын, әйелдер — 36 орын*), бапкерлер бөлмесі, 16 орынға арналған асхана, медпункт, жұмысшылар мен қызметшілер бөлмелері болады. Ал екінші қабатта — әмбебап спортзал (*күрес, грек-рим күресі кілемдері, дзюдо татами, бокс рингі*), жұмысшылар мен қызметшілер бөлмелері, жуыну және киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы аяқталады.

— **Әңгіменізге рахмет! Жаңа оқу жылына сәттілік және толағай табыс тілейміз.**



Жергілікті бюджет есебінен Шымкенттегі 3 орта мектеп пен 1 балалар үйінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар жаңа оқу жылы басталғанға дейін толық бітеді деп жоспарланған. Шаһардағы барлық білім беру ұйымдарында ағымдағы жөндеу және қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстары толығымен аяқталған.

— **Сөзіңіз аузыңызда, 4 мектепте қосалқы оқу ғимараттары салынды деп айтып қалдыңыз. Ол қай мектептер?**

— Оның бірі — №46 жалпы білім беру мектебіне 1,5 гектар аумаққа қосымша корпус салынуда. Жоба бойынша нысанда 300 оқушы орны,

№72 мектептің қосымша ғимараты келер жылы пайдалануға беріледі. С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп 1200 оқушыға арналған. Білім мекемесінде 3 556 бала оқу жылын аяқтады. Оқушы саны шамадан тыс көп болғандықтан, қосымша ғимарат қажеттігі туындады. Жаңадан салынып жатқан оқу корпусының сыйымдылығы — 375 орын. Екі ауысымда 700-ден аса оқушы білім алуға болады. Қолданысқа берілген нысанда балалардың білім алуымен бірге 27 жаңа жұмыс орны ашылады. Үш қабаттан тұратын ғимараттың жалпы ауданы 1350,74 шаршы метр. Құрылыс жұмысы осы жылдың наурыз айында басталған.

дейін күрделі жөндеу көрмеген. Биыл шатырынан бастап, есік, терезе, еденіне дейін толық жаңартылды. Жылу жүйелері 100 пайызға ауыстырылып, жаңа қоршау салынды. Сонымен қатар, химия, физика, биология, информатика т.б. зерттеу-лабораториялық кабинеттері қосылды. 250 ноутбук, 100 компьютер, 10 панель сатып алынды.

Мұның барлығы үлкен жұмыс және жауапкершілік. Жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылар жаңа ғимаратқа көшкендей әсерде болады деп ойлаймын. Қандай да ақау шықса, жауапты мердігер мекеме жіберген қателіктерін 5 жыл ішінде қайта түзеп беруі тиіс. Әзірге жұмыстың 85



өтпелі, ал 24 нысанның құрылысы жаңадан басталған. Жыл соңына дейін 24 мектепті пайдалануға тапсыру жоспарлануда. Нәтижесінде үш ауысымды мектептер саны 9-дан 5-ке төмендейтін болады.

— **Естіуімізше, биыл пайдалануға берілетін мектептердің біразы жеке инвестор есебінен екен. Яғни жеке мектептерге қойылатын талап қандай?**

— Барлық мектептерге қойылатын талап бірдей. Мектеп — балалардың сапалы әрі қауіпсіз білім алатын ордасы болу керек, бұл талап барлық мектепте орындалуы шарт. Шымкентте үш ауысымда білім беретін мектептер мәселесін 2023 жылы, ал

Сұхбаттасқан
Мәлідр КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Экономикалық даму

(Басы 1-бетте)

Президент екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды дамыту мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Осыған орай, «Кейінгі жылдары тауар айналымының айтарлықтай, үш есеге жуық өскеніне қуаныштымын. Бірақ бұл, әрине, жайбарақат жүруге негіз емес екенін атап өткім келеді. Сауданы арттыруға мүмкіндіктер бар деп есептеймін. Біздің үкіметтеріміз жақын арада елдеріміз арасындағы тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін ұлғайту үшін жұмыс істеуі керек», — деді.

Әзірбайжан басшысы жүздесуде екі елдің инвестиция саласында зор мүмкіндігі бар екенін,

Осы бағыттағы күш-жігерімізді біріктіріп, Қазақстан мен Әзірбайжандағы, сонымен қатар өзге де елдердегі бірлескен инвестициялық жобаларға қатысатын уақыт келді деп ойлаймын

Әзірбайжан Президенті
Илхам ӘЛИЕВ

Кейінгі жылдары тауар айналымының айтарлықтай, үш есеге жуық өскеніне қуаныштымын. Бірақ бұл, әрине, жайбарақат жүруге негіз емес екенін атап өткім келеді. Сауданы арттыруға мүмкіндіктер бар деп есептеймін. Біздің үкіметтеріміз жақын арада елдеріміз арасындағы тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін ұлғайту үшін жұмыс істеуі керек

Қазақстан Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



СЕРПІН БЕРЕР СЕРІКТЕСТІК

Қазақстанда да, Әзірбайжанда да бұған қолайлы (инвестициялық) климат қалыптасқанын айтты. Бұған қоса, шетелдік инвестицияның көлемі де қомақты. И.Әлиев: «Осы бағыттағы күш-жігерімізді біріктіріп, Қазақстан мен Әзірбайжандағы, сонымен қатар өзге де елдердегі бірлескен инвестициялық жобаларға қатысатын уақыт келді деп ойлаймын», — деді.

Инвестиция демекші, экономиканың түрлі салаларына өзара қаржы салу қарқыны да белен алып келеді. Әзірбайжан шағын және орта бизнес агенттігінің (KOBIA) мәліметіне жүгінсек, бұл елдегі компаниялардың біздегі мұнайдан тыс секторға құйған қаржысы соңғы 15 жылда 200 млн доллардан асыпты. Ал еліміздің Ұлттық банкі келтірген дерек бойынша, Хазардың (Каспий) арғы жағынан келген инвестицияның жалпы көлемі 306 млн долларға жеткен.

Қазақстан Президентінің Бакуге ресми сапары аясында экономикалық дамуға серпін беретін бірқатар құжаттарға қол қойылды. Бұлардың арасында бауырлас екі мемлекет арасындағы Стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық өзара іс-қимылды тереңдету туралы Декларация, 2022-2026 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту жөніндегі кешенді бағдарлама, сондай-ақ екі ел үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім сияқты маңызды құжаттар бар. Сонымен қатар, еліміздің цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Әзірбайжан цифрлық даму және көлік министрлігі арасында ақпараттық-коммуникациялық және жоғары технологиялар саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум, аталған министрліктер арасында көлік саласындағы ынтымақтастық туралы өзара

түсіністік туралы меморандум, Қазақстан индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Әзірбайжан цифрлық даму және көлік министрлігі арасындағы транзиттік жүк тасымалы саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға айрықша тоқталған жөн.

Іскерлік ортаның өкілдері де Әзірбайжанмен өзара тиімді сауда-экономикалық байланысты өркендетудің мүмкіндігін жоғары бағалайды. Атап айтқанда, Бакуде өткен Қазақстан-Әзірбайжан іскерлік кеңесінің алғашқы отырысында еліміздің сыртқы сауда палатасы басқармасының төрағасы Аян Еренов логистика, энергетика және құрылыста ынтымақтастың әлеуетіне тоқталды. Оның айтуынша, ендігі жерде қаржы саласында іскерлік байланысты жандандыру қажет. Осы аптада жасалған уағдаластық екі елде Сауда үйін ашуға, «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен Әзірбайжандағы қаржы ұйымдары арасында тығыз байланыс орнатуға септігін тигізері сөзсіз.

Сарапшылар қауымы екі ел басшыларының жоғары деңгейдегі кездесуінен кейін экономикалық байланыстың жаңа кезеңі басталды деп санайды. Әсіресе, Қазақстан мен Әзірбайжанның көлік-транзиттік әлеуеті артады. Бұған өлгіде айтылған транзиттік жүк тасымалы көлемін арттыруды көздейтін құжаттың ықпал етері анық. Осы орайда Қазақстан қоғамдық даму институтының сарапшысы Олжас Бейсенбай ТрансКаспий халықаралық көлік бағытының маңызы зор екенін айтады. Ол тасымал көлемін арттыруда инфрақұрылымдық жобаларға айрықша мән беру керек деген пікірде.

Әлемдегі қазіргі геосаяси ахуал экономикаға, соның ішінде сауда-саттықта маңызды фактор болып табылатын тауар мен



Әлят порты

жүк тасымалына тікелей ықпал етіп отыр. Сондықтан көлік бағыттарын әртараптандыру (диверсификация) көкейкесті міндетке айналды. Бұл ретте Каспий теңізі мен Кап тауының өнтүстігі (Әзірбайжан, Грузия) арқылы транзиттік тасымал ауқымын арттыру жайы пысықталуда. Мамандар «Орта дәліз» деп атайтын осы құртамның бір тармағы Қытай-Қазақстан — Каспий — Әзірбайжан — Грузия — Түркия бағытымен Еуропа елдеріне шығуға мүмкіндік береді. Жуырда Қазақстан, Әзірбайжан және Түркия сыртқы істер министрлері және көлік саласындағы жауапты тұлғалардың қатысуымен өткен кездесу осы мәселеге арналды. Жиында аталған дәліздің Әзірбайжан — Түркия — Қазақстан бөлігінде жүк тасымалы көлемін арттыра отырып, Азия-Еуропа бағыты бойынша сауда-саттық байланысты дамыту жайы пысықталды.

Осылайша, ТрансКаспий бағыты бойындағы транзиттік және көлік-логистикалық



Құрық порты

Әзірбайжан, сонымен қатар Парсы Шығанағы арқылы Еуропадан Тауу Шығысқа, одан әрі Африка құрлығына апаратын Солтүстік — Өнтүстік дәлізінде аса маңызды көлік хабына айналғалы тұр. Бұл дәліз де теңіз жолдарынан алыс жатқан еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға, сөйтіп отандық экономиканың дамуына үлес қосары анық.

Срайыл СМАЙЫЛ

Өткен жылы ҰЛТТЫҚ экономика министрлігі мемлекеттік органдармен, атап айтқанда, индустрия және инфрақұрылымдық даму, энергетика, сауда және интеграция, экология, геология, сондай-ақ табиғи ресурстар министрліктерімен бірлесіп, «Қазақстандықтардың өл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» ұлттық жобасын өзірлеген болатын. Бұл жоба жалпыұлттық басымдықтарды және өлді дамытудың 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарын іске асыруға арналды.

Ұлттық жобадағы бағыттардың ішінде отандық мұнайгазхимия кешенін дамытуға да маңыз берілген. Бұл бағытта сыртқы сұранысты қанағаттандыру үшін жоғары технологиялық мұнайгазхимия өндірістерін салу жоспарланған. Энергетика министрі Болат Ақшолдақовтың айтуынша, мұнайгазхимиядағы жаңа жобалар елімізге 10,7 млрд доллар инвестиция әкеледі. Бүгінде ұлттық индустриалдық мұнайхимия технопаркінде 16 жоба тіркелген. Оның екеуі жұмыс істеп тұр. Екеуі салынып жатыр, 12 жоба дайындық үстінде. Министрдің сөзінше, мұнайгазхимияға жұмсалған 1 доллар 2-3 доллар болып қайтады. Мұндағы бір жұмыс орны қосалқы салаларда жеті жұмыс орнын құруға ықпал етеді.

Мұнайгазхимияны дамыту бағытында полипропилен өндірісі мен Қашаған кен орнының шикізатына негізделген газ өңдеу зауытын айрықша атауға болады. Атыраудағы газхимия кешені отандық мұнайхимия саласындағы жобалардың бірегейі саналады. Интеграцияланған бұл кешен бірнеше кәсіпорынның басын біріктіреді. Олар — полипропилен, полиэтилен, бутадиең мен синтетикалық каучук және полиэтилен пленка шығаратын зауыттар.

Таяу арада Атыраудағы полипропилен зауыты іске қосылғалы тұр. Еске түсірсек, өткен жылы кәсіпорынды шикізатпен тұрақты түрде қамтамасыз ету мәселесі түпкілікті шешіліп, «Тенішсвевройл» компаниясы өндіріс ошағын

пропанмен қамтамасыз ететін болған. Келісім бойынша, ТШО жыл сайын зауытқа 550 мың тонна пропан фракциясын теміржол арқылы жеткізіп тұрады.

Ал зауытта шикізатты пропанды сутексідендіру қондырғысы арқылы пропилен шығара отырып өңдейді. Содан кейін полимерлендіру қондырғысында дайын өнім — түйіршіктелген полипропилен алынады.

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ӨНДІРІС

Айта кеткен жөн, бұл өндіріс ошағы елімізде толығымен цифрландырылған алғашқы кәсіпорын болмақ. Кешендегі барлық жұмыс процесі Атырау қаласында қашықтан басқарылады. Жұмыс ырғағын «ақылды» цифрлық бейнебақылау арқылы операторлардың басқаруына мүмкіндік бар. Ең бастысы, кешенде су үнемдеу технологиясы қолданылады. Мұнда суды салқындатудың түйік циклы қолданылады, яғни барлық ағын су тазартудан өтеді. Сөйтіп зауытқа тұщытылған, минералсыз, өртке қарсы пайдаланылатын су түрінде қайтарылады. Сол арқылы пайдаланылатын су мөлшерін едәуір азайтуға мүмкіндік туады.

Зауытта Теңіз кен орнынан жеткізілетін пропаннан полипропилен өндіріледі. Бұл — пластикалық жіптер, құбырлар, пленкалар, сөмкелер, медициналық және басқа да өнімдерді өндіруге арналған негізгі шикізат.

Отандық мұнайгазхимия саласындағы осынау алып кәсіпорын іске қосылған соң жыл сайын 629 мың тонна пропан өңдеп, 500 мың тонна полипропилен өндіреді. Күнделікті тұрмыста, сондай-ақ өндірістің көптеген салаларында қолданылатын отандық өнім ішкі сұранысты толығымен өтейді. Полипропиленге ішкі сұраныс 45-50 мың тонна. Өндірілген өнімнің қалған бөлігі сыртқа сатылады. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2030 жылға қарай әлем бойынша полипропиленге сұраныс жылына 100 млн тоннаға жетуі мүмкін. Полиэтиленге сұраныс жыл сайын орта есеппен



құбыр, тұрмыстық техника өндірісінде кенінен пайдаланылады. Жобаны іске асыру үшін Siemens, MAN, Mitsubishi, Honeywell сияқты әлемдік ірі компаниялар тартылып, құйылған инвестицияның жалпы көлемі 2,5 млрд доллардан асты.

Зауыттағы негізгі құрылыс бытырғы жылдың желтоқсан айында аяқталған болатын. Ал биылғы шілде айында Атырау қаласындағы біріккен газ-химиялық зауытында іске қосу-реттеу жұмыстарының бірінші кезеңінің біткені, зауытта технологиялық қондырғыларға пропан беру басталғаны хабарланды.

үлес қосады. Сондай-ақ бірқатар технологиялық міндеттерді шешуге ықпал етеді. Өйткені ілеспелі газды қолдануға жол ашады. Қашағандағы мұнай өндірісін ұлғайтуға кедергі болып отыр.

Зауыт кен орнында шикізат қорын тиімді пайдалануға, сондай-ақ Атырау облысындағы экологиялық ахуалды жақсартуға септігін тигізеді.

Жыл соңына дейін Қашағанда екінші газ өңдеу зауытын салу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Гүлнар АХМЕТОВА

АИМАҚ

Әдетте жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген кейбір жас маман жұмысқа орналаса алмайды. Өйткені қазір сан-салалы маман даярлайтын оқу орындары жеткілікті. Оның үстіне, жұмыс берушілер аз болса да тәжірибесі бар мамандарды қызметке қабылдауға тырысады. Орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарына түсе алмай қалған көкөрімдерге тіпті қиын. Сондықтан елімізде еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қолдау мақсатында «Алғашқы жұмыс орны» жобасы іске асырылуда. Аталмыш бағдарламаға алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектер, жұмыссыздар, 29 жастан аспаған жастар, оның ішінде NEET санатындағы жұмыс тәжірибесі жоқ қыз-жігіттер қатысады. Биыл аталмыш жоба аясында мектеп түлектерін және ҰБТ тапсырмағандарды да жұмыспен қамту жоспарланды. Одан басқа жастарды жұмыссыз қалдырмайтын «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы да іске асырылуда. Мемлекет жұмыс істеймін деп құлшынатын қыз-жігіттерді жұмыссыз қалдырмайды.

«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ» ЖОБАСЫ

Орал қаласының жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Айнұр Қазмұханова «Алғашқы жұмыс орны» жобасы шарттарының өзгергенін айтады. «Бұған дейін жастарды жұмысқа 12 айға жолдайтын едік. Биылғы жылдан бастап жас маманды 18 айға жұмысқа қалдыру жөнінде жұмыс берушімен келісім жасаймыз. Жолдамамен жұмысқа кірген қызметкердің айлық жалақысының мөлшері 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейін *(91890 теңге)* өсті. Жас маманның жұмыстан себепсіз босап қалмауын орталықтың өзі бақылап отырады. Осының нәтижесінде жастар 18 айда тәжірибе жинақтайды. Мерзімі аяқтағаннан кейін, 12

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛДЫРМАЙДЫ

«ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ОЛҮШІН ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНА ӨТІНІШ ЖАЗАДЫ. ӨТІНІШКЕ ҚОСА, ЖЕКЕ БАСЫН КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТТЫҢ, ЕҢБЕК КІТАПШАСЫНЫҢ (БАР БОЛСА), ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМНІҢ БОЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН ТАПСЫРАДЫ.

айдан кешіктірілмей, міндетті түрде тұрақты жұмысқа орналасады. Егер жұмыс беруші тұрақты жұмысқа қабылдаудан бас тартса, адамдардың жалақысының субсидияланған бөлігін төлеуге жұмсаған мемлекеттің шығыстарын бюджетке кері қайтарады. Бұл жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге септігі тигізеді. Өңірдегі жұмыс берушілер жобаға қатысуға өтініш беру арқылы жұмыссыз ретінде еңбек биржасына тіркелген 29 жасқа дейінгі түлектер мен жастар арасынан қажетті мамандарды іріктеп, жұмысқа тартуына болады. Осы жоба бойынша жыл соңына дейін 20 адамды жұмыспен қамтуды жоспарлады. Қазірдің өзінде 6 адам жұмысқа орналасып үлгерді. Бұл мақсаттарға 19 миллион теңге бөлінді», — деді Айнұр Қазмұханова.

Бағдарлама жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға арналған. Жұмыс берушілер еңбек биржасынан барған жастардың еңбекақысын жұмыспен қамту орталығының субсидиялайтын тиімді санайды. Егер қызметкерлер өзін жақсы қырынан көрсеткен жағдайда, жұмыс беруші оларға қосымша ақы төлей алады. Бір сөзбен айтқанда, бұл — жұмыссыз әрі еңбек тәжірибесі жоқ жастарға жұмыс табуға қолдау көрсететін мемлекеттің нақты шарасы. Сонымен қатар жұмысқа тұрған жас адамдардың тиісті есепшоттарына зейнетақы және әлеуметтік аударымдары аударылады, еңбек өтілі жинақталады.

«ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫНЫҢ» МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Қалалық жұмыспен қамту орталығында 2011 жылдан бастап «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Аталмыш бағдарламаға «Халықты жұмыспен қамту» Заңына сәйкес, білім беру ұйымдарын 3 жыл ішінде бітірген және 29 жастан аспаған жұмыссыз түлектер қатыса алады. Жұмыссыз жас мамандарға арналған жұмыс орындары меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындарда, мекеме-ұйымдарда құрылады. Жұмыссыз қыз-жігіттерге ұсынылатын жұмыс орындары олардың кәсібіне, мамандығына сай келуі тиіс. «Биылдан бастап «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша еңбек ету мерзімі 6 айдан 12 айға дейін ұзартылды. Еңбекақыға келсек, салықтарды, міндетті зейнетақы жарналарын және басқа да әлеуметтік аударымдардың аударылуы аз алдына, әр өңірде 25-тен 40 айлық есептік көрсеткіш

шамасына дейін өсірілді. Бұл көрсеткіш біздің өңірде 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Жыл басынан бергі уақытта 60-тан астам адам еңбек тәжірибесінен өтуге жіберілді», — деді А.Қазмұханова.

Орталық мамандарының айтуынша, «Жастар практикасы» бойынша жұмысқа барған жастардың басым көпшілігі сол еңбек тәжірибесінен өткен ұжымдарда жұмыс істеуге қалады. Оның барлығы жұмыс берушіге емес, жолдамамен барған адамның өзіне байланысты көрінеді. Егер жас маман жұмыс барысында өзінің алғырлығын, еңбекқорлығын көрсетсе, оған тұрақты қызметкер ретінде қызметке қалу ұсынылады. Олай болмаған жағдайда, аз болса да еңбек тәжірибесі, өтілі бар жас адам басқа жерлерден қызмет таба алады. Жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері оған түрлі бос жұмыс орындарын ұсынбақ. Одан басқа орталық олардың түйіндемелерін электрондық еңбек биржасы — enbek.kz сайтында жариялайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҰСЫНЫЛАДЫ

Жұмыспен қамту орталығы қызметкерлері «Әлеуметтік жұмыс орындары» жобасын жүзеге асыруда. Айнұр Қазмұханова жұмыс



Фотос: Jacebook

байланысты жәрдемақы алатын, мүгедек бала тәрбиелеп отырған тұлғалар ала алады. Егер жұмыссыздар осы

санаттардың біріне жататын болса, олар шағын бизнеске мемлекеттен өтеусіз грант алуға үміткер бола алады.

Бұл ретте жоғарыдағы аталған грантка үміткерлердің барлығы Жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар немесе жеке кәсіпкерлер *(тіркеу мерзімі бір жылдан кем)* және бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер *(өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар қатарынан)* болуы тиіс.

Грантка үміткерлер жұмыспен қамтудың басқа да қолдау шараларына қатыспауы тиіс.

Грант бір рет қана беріледі, бұрын алған қатысушылар қатыса алмайды.

Грант қаражатын тек «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқыту барысында әзірленген бизнес-жоспарға сәйкес пайдалануға болады;

Грантка өтініш берген сәтте тек қана тұрақты тіркелген жері бойынша органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен кемінде 1 жыл тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу туралы мәліметтер болуы тиіс.

Мемлекеттік грант алушы грант алған күннен бастап он екі ай бойы бизнесті кеңейтуге бағытталған шараларды қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатыса алмайды.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар қаражаты қажетті мүқаммалды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, жануарларды, малды, құстарды, көшetterді, бұталарды, тұқымдарды, өсімдіктерді, коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілері, сондай-ақ сауда нысандары, оның ішінде жалға алу, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы объектілер аумағында Бағдарламаға қатысушының бизнес-жобасын іске асыру үшін ғымараттарды жалға алу ақысы ретінде нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылады.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар бағдарламаға қатысушыларға бір рет беріледі.

Жыл басынан бері Орал қалалық жұмыспен қамту орталығына 5 мыңнан астам адам жұмыссыздық мәселесімен жүгініп, 30 пайызы уақытша жұмыс орындарына жіберілді. Пандемия кезінде жұмыссыздар қатары көбейсе, қазір олардың саны азайып келеді. Одан басқа, 1900 адам жұмысынан айырылғаны үшін әлеуметтік жәрдемақы алуға өтініш білдірген. Уақытша және тұрақты жұмыс орындары туралы мәліметті enbek.kz сайтынан көруге болады. Биыл «Бастау бизнес» жобасы бойынша курстар әлі басталған жоқ. Себебі жоба ережесі өзгертіледі. Бұған дейін оқыту «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы оффлайн режимінде жүргізілсе, биылдан бастап enbek.kz сайтында онлайн режимде өткізілетін болады.

Орталық ұсынған мәліметке сүйенсек, бүгінде өңірде құрылыс саласына бетоншылар, тас қалаушылар және жұмысшыларға жұмыс көп ұсынылуда. Көбіне тәрбиешілерге, тәрбиешілердің көмекшілеріне, есепшілерге, жүргізушілерге, кеңсе менгерушілеріне, кеңсе қызметкерлеріне, техникалық қызметкерлерге сұраныс азаймайды. Орал қаласында дәрігерлер, медбикелер, тазалықшыларға жұмыс табылады. Тамыз айында мұғалім мамандары қажет мектептерден өтініштер қабылданады. Сондықтан жұмыс істеймін деген кісіге еңбек биржасына тіркелу керек. Бастысы жұмыс істеп, нәпақа табуға деген ынта-ықылас болсын.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
Орал қаласы



«Жастарға қатысты келесі мәселе – жұмыспен қамту. Бұл, әсіресе, өңірлерде аса өзекті. Біз жұмыссыз жастарға жол сілтеп, бағыт-бағдар беруіміз керек. Олардың тұрақты кәсіп табуына көмектесуіміз қажет. Қазір жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше бағдарлама бар. Бірақ жастардың көбі сол шаралар туралы білмейді. Мемлекет ұсынып отырған түрлі қолдау жұмыстарынан хабарсыз. Бұл мәселе тек жалаң үгіт-насихатпен шешілмейді. Үкімет пен әкімдер жастарды жұмыспен қамту мәселесімен арнайы айналысып, күнделікті назарда ұстауы қажет»

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Аманат» жастар қанатымен кездесуде сөйлеген сөзінен). 14.07.2022 ж.

БИЗНЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІМІН ТЕЗ ТАБАДЫ

Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіпкерлікті қорғау тетіктерін күшейту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында бизнестің түйткілді мәселелері мен оларды шешу жолдарын талқылауға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде өткізуде. Соның бірі – палатаның диалогтік алаңында облыс әкімінің кәсіпкерлерді қабылдауы. Жақында облыс әкімі Ғали Есқалиевтің кәсіпкерлік субъектілерімен кезекті кездесуі өтті. Кәсіпкерлердің айтуынша, оларды алдын ала кәсіпкерлердің құқығын қорғау саласындағы заңдылық жағдайымен жете таныстырған.

Облыс прокуратурының бірінші орынбасары Александр Цуранков қылмыстық қудалауға кәсіпкерлік субъектілерін заңсыз тарту фактілеріне тоқтала келе, өңірде қолайлы бизнес ахуалды қалыптастырудағы ведомстваралық өзара іс-қимыл жөніндегі жол картасының жүзеге асырылу барысын баян етті. Қадағалау құрылымы өкілі осындай құқық бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік құрылымдарға қатысты прокурорлық ықпал ету шаралары қолданылғаны жайындағы ақпаратты жариялады. Сондай-ақ Александр Цуранков кәсіпкерлерге қалалық және аудандық прокуратуралардың 24/7 режимі бойынша жұмыс істейтінін еске салды. Басқосуда прокуратураның тағы бір қызметкері кәсіпкерлер үшін маңызды ақпаратты жеткізді. Ақжайық ауданының прокуроры Әділет Тоқтамысов өткен жылдың қыркүйек айынан бастап «Прокуратура туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін, соған сәйкес, прокурорларға мемлекеттік құрылымдардың заңсыз араласу фактілері бойынша кәсіпкерлердің өтініштерін қарау құқығы берілгенін түсіндірді.

«Бұған дейін мұндай өтініштер қаралмай, уәкілетті құрылымдарға жіберілетін. Енді біз кәсіпкерлік субъектілерінің арыз-шағымдарына жедел жауап береміз. Қажет жағдайда тексеру жүргізуге, қажетті ақпаратты сұрауға, адамдарды түсінік алуға



шақыртуға құқығымыз бар», — деді Әділет Тоқтамысов.

Баяндамашылардың сөзінен кейін облыс әкімі кәсіпкерлік субъектілерінің *(15 адам)* өтініш, ұсыныстарын тыңдады. Өтініштердің кейбірі әлеуметтік мәселелерге қатысты болды. Соның ішінде облысты дизель отынымен қамтамасыз ету, құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты ауыл мектебіннің құрылысының тоқтауы және тағы басқа мәселелер көтерілді. Кәсіпкерлер мемлекеттік құрылымдар қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне де шағымданды. Тағы бір бөлігі өңірдегі кәсіпкерліктің дамуына септігін тигізетін ой-ұсыныстарын білдірді.

Жиынды қорытындылаған Ғали Ескаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» атты билығы Жолдауында: «Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс», — деген тапсырмасы барын айта келе, қатысушылардың әрқайсысының өтініш-шағымның аяқсыз қалмайтынына сендірді. Одан әрі кәсіпкерлердің әрбір өтінішіне тоқталып, мән-жайды анықтауға көңіл бөлді. Мәселе егжей-тегжейлі зерделуді қажет етсе, құзырлы құрылымдар тарапынан түсініктеме берілді немесе уәкілетті мемлекеттік құрылымдарға тиісті тапсырма берілді. Түйткілді мәселелерді облыс басшысы өз бақылауына алды.

Жиналғандар облыстық кәсіпкерлер палатасына осындай іскерлік мәнердегі кездесуді ұйымдастырғаны үшін алғыстарын білдірді. Жаппы кәсіпкерлер осындай іс-шаралардың арқасында бизнес мәселелерінің тез арада шешімін табатынына сенім бар екенін айтып тарқасты.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Зұлмат

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Осы кезден бастап та «аркада қыс жайлы болмай арқардың ауып», момын елдің берекесін ойрандап, құтын қашырған, қадірін тайдырған китүрқылықтардың жүзеге асуы асқына түскен жок па? Бұл қасіретті қатыгездік еліміздің әр өңірінде де белсенді түрде жүзеге асырылды.

Жамиға Танатарова: Архивтік құжаттардың желісі бойынша Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылдың 27 тамызындағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декреті қазақ еліне зор қасірет әкелді. Осы қаулы ауыл шаруашылығындағы қуғындау зұлматының басы болып, жер аударылған халық өзінің тұрғылықты жерінен күштеп көшіріліп, репрессия зардаптарының барлық түрін бастан кешіріп, аласапыран заман орнады.

Атырау облысы мемлекеттік архивіндегі қор құжаттарынан облыс көлеміндегі тәркіленуге ұшыраған 86 жергілікті бай және Азғыр ауданы бойынша (бұрын *Батыс Қазақстан облысына қарасты елді мекен*) 30 байдың есебі бар, сонымен қатар Қазақстанның басқа округтерінен Гурьев облысының аудандарына мәжбүрлі түрде ырқынан тыс арнайы жер аударылған адамдар тізімі сақталған. Архив деректерінде 1928 жылдың 8 қыркүйегінде Гурьев қаласының қалалық партия активімен бірге тәркілеу комиссиясы мүшелерінің жиналысының хаттамасында 30 адам қатысып, төрағасы Сүлейменов, хатшысы Оспанов болып, күн тәртібінде Гурьев округі бойынша тәркілеуге жататын қожалықтарының тізімдерін қарап, Халық Комиссарлар Кеңесінің тәркілеу туралы нұсқауы бойынша тәркілеуге жататын байлардың тізімдерін жасау, мал есебін қарауды белсенді түрде ұйымдастырған. Гурьев округінен тәркілеуге ұшыраған Аманша Айжігітов, Жұбаниязов, Өтепқали Әлиев, Ермағамбет Баєтов, Әміржан Байтленов, Саралы Бегалиев, Қазбек Бекмурзин, Төлеген Ғабдрахманов, Ерғали Жармағамбетов, Дүзелбай Жұмабаев, Смадияр Смағұлов, Қожағұловтар, Демеу Мендалиев, Жаксығали Үмбеталиев т.б. құжаттары және Азғыр өңірінен тәркілеуге ұшыраған Шамен Досқалиев, Балий Өтегенов, Шәпен Омаров, Әбубәкір Мәмбетов, Бомаш Болдиянов, Бектілеу Алғазиев, Латиф Омаров, Мақаш Исенбаев, Көптілеу Алғазиев, Иманғали Ғаббасов, Халық Машкенов, Мұхамедияр Мақатов, Сатай Балқашев сияқты көптеген қудалануға ұшыраған адамдардың құжаттары Атырау облысы мемлекеттік архивіндегі жеке тектік қорларында сақталған.

Jas qazaq: Архивті ақтарып отырып, қою шанның арасынан суырып шыққан қағазға қатталған деректерде жазылған, әлгі сіз есім-сойын атаған жандардың барлығы дерлік еліне ешбір зияны тимесе де, айналасына азуын батыруы былай тұрсын, жоқ-жітіктің қарнын тойдыруды, киімін бүтіндеуді ойлап, мұң жұтқаны тарихтан белгілі. Бірақ «асыра сілтеуге» арқа сүйегендердің қылт еткенді қиып түсуге әуестігі артты. Жер аудару, жайлы қонысынан мәжбүрлеп көшіру, басқа аймаққа жөнелту кезіндегі аласапыранда қаншама адам қырылды. Бұдан өткен қандай қасірет болуы мүмкін өзі?

Жамиға Танатарова: Архив құжаттарын ақтарып қарағанда аза бойың қаза болатын оқиғалардың қорытындысы, дерек-дәйек молынан кезігеді. Тәркілеу науқаны кезінде Кеңестік билік республиканың өз ішіндегі көші-кон мәселесінде (*жер аудару*) жүзеге асырып отырған, атап айтсақ, Гурьевтен (*қазіргі Атырау қаласы*) солтүстікке, орталық облыстарға, ал сол теріскейдегі өңірлерден батыс т.б. аймақтарға Петропавлға, Ақмоладан Гурьевке жер аудару туралы 1928 жылы 30 тамыздағы қаулысы шыққан еді. Осылай халықты ерсілі-қарсылы шұбырындыға түсіру де орасан қасірет әкелді. Оның зардабынан талай қазақ күштеп межелеген жерге жете алмай, әсіресе, бала-шаға, жасы келген адамдар жолда шығынға ұшырап, мына дүниемен мезгілсіз қоштасты. Бұдан үлкен қандай қасірет болуы керек ұлттың? Өзінің отанында, атамекенінде, кіндік қанын тамып, жаялығынды жұған жеріңнен су шыққанда қопара көтеріп, үлере айдап көшіру ісінде де адам шығыны аз болған жоқ.

Ақмола округінен Гурьевке 15 бай, бала-шағасын қоса есептегенде, 69 адам жер аударылып келген. Мысалы: Ақмоладан Нығметжан Бәйменов, Мырзахмет Оразбаев жаңуылары Қызылқоғамға жер аударылса, Мұқажан Қуандықов, Смағұл Күрпекбаев жаңуылары Есбөл ауданына көшіріледі. Осы жаңулармен бірге келген Доғалақовтар, Шоқаев, Капеновтер Гурьев қаласына орналастырылады. Көп адамға туған жердің топырағы да бұйырмады. Ресми деректерге жүгінсек, тек жеке отбасы жер аударылған сияқты болып баяндалады. Ал шындығында, тәркіленген байлардың бала-шағасы ғана емес, туыстары да айдауға немесе қудалауға ұшырады, зардабы орасан қысымдардың құрбаны болды.

Архив құжаттарын ақтарып отырғанда 1928 жылы қатталып тігілген деректердің арасында Гурьев округі Новобогат ауданы Қанбақты ауылынан көмпескеге ұшыраған Смадияр Смағұловтың жаңуысының тағдыры алабөтен назарымызды аудартты. Өйткені көмпескелеу кезінде 320 ірі қара малы, шаруашылығында 2 көмекші ұстаған 45 жастағы Смадияр Смағұлов патша үкіметі кезінде болыстың старшинасы болған. Жеке мал шаруашылығы әкесі Смағұл Төленбаевтан қалады. Смағұл 1917 жылы өмірден өткен. Әкесінің артында 85 және 70 жастағы Латифа, Бәтима есімді қарт аналары қалады. Мал-

мүлкті тәркілеуге байланысты тергеу амалдары жүргізіліп, комиссияға қарсы наразылық білдіргені үшін 1928 жылғы 23 қазанда Гурьев округтік сотының көшпелі сессиясы қаулысымен Смадияр Смағұлов 6 жылға, оның 19 жастағы баласы Нұржан Смадияровты 2 жылға соттап, жер аударды. Смадиярдан 38 жастағы әйелі Камия мен 28 жастағы әйелі Дәріжан күйеуінен заңды айырылысқанын айтып берген түсініктемесіне, басқарушы органдар тарапынан бұл адамдардың некелерінің бұзылуының анық-қанығын жігі тексеру тапсырылады. Ал ең қасіреті Смадияр Смағұловтың 85 және 70 жастағы аналары Латифа, Бәтима және 15 жастағы немерелері Мендешті айдауылдың алдына салып алып айдап отырып, Оралдың тергеу абактысына қамайды. Жол азабына шыдамай қиналған әйелдер ВЦИК-ке арызданып, өздіктерінен жүре алмай, нәселкемен ғана қозғалатынын, Петропавл қаласына баруға әл-дәрмені жетпейтінін айтады. Туған жерінде қалдырып кетулерін өтініп сұраған арыздарына



Латифа мен Бәтима Төленбаеваны және 15 жастағы немерелері Мендешті абақтыдан шығарып, Орал округінде қыстап шығуға қалдыруға тапсырма келген.

Осындай жаңуылардың тағдырына қатысты деректерді саралап салмақтағанда, қазақ халқының басына 1928 жылдан басталған еріксіз көші-кон ісі қаншама жаңуының тағдырын тас-талқан

Жамиға ТАҢАТАРОВА,

тарих ғылымдарының докторы, профессор:

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ҰЛЫҚТАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ



«Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды.

Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінен. 2021 жылғы 31 мамыр)

еткенін, бейкүнә адамдардың аяусыз жапа шеккеніне көзіміз тағы жете түсті. Бүгінгі ұрпақ үшін туған халқының басынан өткен зобалаң шақтар, қиын-қыстау, тар кезеңде ұлты үшін құрбан болған боздақтардың рухына тағзым ету, ерлік істерін есте қалдыру тарих алдында ұрпақ парызы болмақ, Осы бағыттағы жұмыстар жалғасын таба береді. Архивте Атырау жеріндегі ашаршылыққа душар болған, көмекке әэру адамдардың нақты



«Быттыр қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы.

Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз.

Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінен. 2021 жылғы 31 мамыр)

саны есептелгенімен де, 1921 жылғы архив құжаттарында сол кезеңде Орал губерниясы, Гурьев уезіндегі ашаршылық жағдайын баяндайтын тарихи деректер кездеседі. 1922 жылы бір ғана Жилокоинск ауданында 1300 адамның аштыққа ұшырағаны, оларға жергілікті атқарушы органдардан көрсетілген болмашы көмектер архив деректерінде қатталып тұр. 1922 жылғы архивтік деректе Гурьев уезінің Бестөбе болысындағы №2 ауылда 145 адамның аты-жөнімен көрсетіліп

жұқпалы індеттен де бабаларымыз баудай түсіп, қырылған жоқ па?

Жамиға Танатарова: 1922 жылы 10 желтоқсанда Ә.Жангелдин төрағалық еткен Қазақ өлкелік комитеті жауапты қызметкерлерінің жиынында М.Әуезов аштық жөніндегі комитеттің көмегі қазақтың шалғай ауылдарына жетпей жатқандығын, аштық пен жұттан жұқпалы аурулар өршігенін баса айтады. Жұқпалы аурулардың өршігені туралы архив деректерінде Гурьев қаласы және мұнай кәсіпшіліктері бар Мақат, Доссор, Еспол аудандарында індеттің күшеюі, дәрігерлер жетіспеуі, зертхана қажеттігін, 1922 жылы Новобогат ауданында оба эпидемиясынан 500 адамнан аса адам өлгендігін, оба індетіне қарсы отрядтың келуі, карантиндік шектеуді күшейтудің нәтижесінде ауруды өршітпей басқандығы айтылады. Осы жиынның қаулысымен С.Мендешов пен М.Әуезовке ашыққан өңірлерге көмек ұйымдастыруды тапсырады. Гурьев аудандарына тамақ таратуға мүмкіндік болмағандықтан, орталықтан Гурьев пен Астрахан балығын үлестіруді, Орал губерниясын балық аулауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету, жергілікті халыққа еркін балық аулауға рұқсат етуді тапсырған. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген қағида сол бір зобалаң шақта айтылған сөз бе деп қаласын. Адамзат тарихының қиын кезеңдерінде теңіз бойын жағалай қонған елдің талғажау еткен негізгі күн көріс көзі мен қорегі — Каспий теңізі мен Жайық өзенінің балығы болғандығы тарихтан белгілі. Бұл, әрине, сол кезеңдегі Гурьев уезін мекен еткен елдің үштен бір бөлігінің тағдырына бұйырған несібе десе де болғандай. Губерниялық комиссияның төрағасы болған Чеботаревтің губерния халқына ашына жазған жолдауында: «... ел ашығуда, биылғы жылғы құрғақшылықтан келесі жылғы егін жинау науқанына дейін үкіметтің көмегіңіз он миллионнан астам халықтың тірі қалмасы анық. Барлық шаруашылықтар,

мал шаруашылығы, егін шаруашылығы да қиын жағдайда. Гурьев уезінде астық өндірілмейтіндіктен, халықтың жағдайы нашарлады» деп губерния халқын бір-біріне көмек қолын созуға, аштық өлімінен құтқаруға шақырады. Елдегі осындай ауыр жағдайға байланысты арнайы комиссия құрылып, ашаршылыққа көмекке әэру жандарды есепке алып, оларға көмек қорын жасау барысында жоспар құрылады. Сонымен қатар шалғай аудандардағы аш адамдарға қажетті азық жеткізу жолдары қарастырылды.

Jas qazaq: Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде құрылған комиссияның жұмыс топтары бірнеше бағыт бойынша жүйелі түрде жұмыс істеп келеді. Жұмысшы тобына жүктелген шаруаның бірі дәстүрлі дін өкілдері — саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін зерттеуге де баса мән беруі дер едік.

Жамиға Танатарова: Молдалар мен діндарларды, дін таратушыларды шаш ал десе, бас алатындар «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады. Оларды қуғындаудың қандай амалдары жасалды, барлығы архив құжаттарында қаттаулы тұр. Доссор, Мақат мұнай кәсіпшіліктеріндегі жұмысшылардың ішінде тергеп-тексеру жүргізіліп, олардың да арасынан кейбір жазықсыз жандарды байдың, молданың ұрпақтары деп, қудалауға ұшыратқан, қаңғытқан, азаптаудың сан түрін көрсеткен.

Жалпы қазақ даласында қуғындау, жер аудару, азаптау ісінің үшінші кезені 1933 жылдан басталып, 1937-1938 жылдары өзінің шарықтау шегіне жетті. Құжаттық деректер ОГПУ орындарының Қазақстанда оннан астам «контрреволюциялық ұлттық ұйымдарды» әшкерелеп, жойғандығы жөнінде мәлімет береді. Олардың арасында, 1937 жылғы 29 шілдедегі Гурьев окружкомының бюро отырысының 29-протоколында мұнай рабфагының директоры Иманғали Адаевтың мәселесі талқыланып, бұл адамды «контрреволюциялық ұлтшыл Мендешевтік топты» қорғады және «Қазақтың томақ бас — қара баласы, Орыстың сопақбас сары баласы» деп студенттер арасында «фашистік нәсілдік теорияны жариялады» деген желеумен қызметінен түсіріп, партиядан шығарды.

Облыс прокуроры болған Төлешовтің Республика прокуроры Көрпебаевқа есеп беріп, 1938 жылғы ақпан-наурыз айларында Гурьев облысында шет мемлекеттердің пайдасына тыншылық және саботаж жасалды деген күдіктен қылмыстық жауапкершілікке 45 адам жауапқа тартылғанын, НКВД органдарында да контрреволюциялық қылмыстар туралы істерді қарау көбейгенін, түрмелердің лимиті бұзылып, 200 тұтқындалушыға арналған орында 700 тұтқын отырғаны туралы архивтік деректе жазулы тұр.

Jas qazaq: Жоғымыз табылып, кем-кетігіміз бүтінделіп, тарихи оқиғаларға шынайы баға беруде өздеріңіз жұмыс атқарып жүрген комиссияның, әр бағыт бойынша жасақталған жұмысшы топтарының еңбегі орасан. Дегенмен де бұл салада әлі де арқалайтын аманат та ауыр, атқарар жұмыс та жетерлік.

Жамиға Танатарова: Дұрыс айтасыз, Мемлекет басшысының тарихымызды түгендеу жолындағы жүзеге асырылуы тиіс тапсырма жүктеп, осындай игі шараны қолға алуымыз өте орынды. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі кезең-кезеңімен көріне бастайды. Жылт етпе жылтырауық, науқандық дүние болмаған соң да бұл шаруаның терініне бойлап, байыппат бағамдап барып қана баға беруге болады. Жоғымызды түгендеу жолындағы мұндай жұмыстардың жүзеге асқаны және тоқтап қалмай жалғасын тапқаны дұрыс деп санаймын.

Сұхбаттасқан Қуаныш РАЗАҚ



БӨРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazeti men Chevron kompaniyasyның бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Шағын хабар, ақпарат, мақала жазуға, сұхбат алуға тәселіп келеді.

Курсқа Алматы облысының орталығы Қонаев қаласынан қатысушы Бақкелді Ұпанның көзекті жазбасын оқырман назарына ұсынамыз.

Бөріне ортақ журналистика курсына жұмыс орным Қонаев қаласында болғандықтан, онлайн қатынасып жүрмін. Десе де, кезекті сабаққа редакцияға келіп қатысудың да мүмкіндігі туды. Газетті беттеуші білікті дизайнер, компьютер орталығының жетекшісі Ғалия Қалиева газетке макаланы қалай беттеу қажеттігін көрсетіп, үйреткені өте әсерлі болды.

Бала кезде компьютерде жұмыс істеуге, істен шығып қалса, қажетті бөлшектерін ауыстырып

жөндеуге деген ықыласым артқан еді. Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжінде оқып жүргенде де компьютерлік бағдарламамен жұмыс істегенді қалайтынмын.

Журналистика мамандығының қыр-сырын үйретіп, шағын ақпарат, хабар, мақала жазуға, тақырып тауып қойып, сұхбат алу барысында респонденттің, яғни сұхбат берушінің айтқанын сараптай отырып, қағазға түсіруді де үйреніп келеміз.

Адамға оқу, үйрену ешқашан кеш емес



Бұл курстың бізге берері де мол, үйренгеніміз де көп. Қазір ақпарат ағысының тым қарқын алған кезі. Әлеуметтік желінің қуаты орасан. Осындай ақпарат майданында аласапыран болып жатқан әлеуметтік желідегі өзіңнің жеке парақшанды

жүйелі жүргізуге, шағын хабар, деректерді жазу ісінде де тиынақтылық керек. Екі ауыз сөз жазсаң да, тақырыбын тауып қойғаның абзал. Біз, міне, осы курсқа қатысудың нәтижесінде осы жайтты тереңдей ұғынып, жазуға көдімгідей төселіп қалдық.

Өзім еліміздегі жетекші банктердің бірінде жұмыс істеймін. Бізге жүктелетін міндет – бұзылған банкомат, терминал секілді аппараттарды қалпына келтіріп, істен шыққан ақауын жөндеу. Бұл жұмыстарды

жүзеге асыру барысында да компьютермен «дос болуың» аса маңызды. Дос болу дегенде мен компьютердің ішіне еніп алып, ұзақты күн ойын ойнап, басқа да болмайтын дүниеге алданып, уақыт өткізуді айтпаймын. Керісінше, жоғары деңгейде дамыған технологияның тілін түсіне білсең, кез келген жерде қиналмайсың. Әрбір адам үнемі ізденісте болуы керек. «Болдым, толдым» деуге әсте болмайды. Adobe InDesign бағдарламасымен жұмыс істеу де маған ұнады. Газеттің беттеуші дизайнері Ғалия Қалиеваның тәлімдік сабағынан біз газеттің беттеу жұмысының қалай жүзеге асатынын көрдік. Әрбір адам үнемі ізденісте болуы керек дедім ғой, мен де келешекте компьютерлік бағдарламаларды үйреніп, фотосурет өңдеу, бейнежазбаларды монтаждап, жүйелеу жұмыстарын да үйренгім келеді. Ол үшін, әрине, үнемі оқу, ізденіс керек.

Баккелді ҰПАН,
III топтағы мүмкіндігі шектеулі жан, Қонаев қаласы

Театр – өмір айнасы деп бекер айтпайды. Қазіргі заманда да өмір көшінен қалмай, көрерменге рухани азық беретін тәрбие ошағы болып отыр. Ал жансыз қуыршаққа тіл бітіріп, сахна сиқырына жетелейтін қуыршақ театрының орны тіпті бөлек. Біз Алматыдағы Мемлекеттік қуыршақ театрына бас сұғып, аталған өнер ордасының көркемдік жетекшісі, режиссер Дина Жұмабаевамен қуыршақ театрының қазіргі бет алысы жайлы әңгіме ербітік.



Jas qazaq: Дина Құнанбайқызы, қуыршақ өнері – театрдағы ерекше жанрлардың бірі. Біз қойылымдарда бер жағындағы қуыршақтардың «ойынын» көреміз. Ал оның ар жағында төгіліп жатқан тер, мол еңбек, қажырлы қайрат көзге көрінбейді. Қазіргі таңда қуыршақ театрына деген сұраныс қандай деңгейде? Театр өзінің көрермендері үшін қандай жұмыстар атқаруда?

Д.Жұмабаева: Өте орынды сұрақ. Қазіргі таңда қуыршақ театры драма театрлармен бірге терезесі тең ілесіп келе жатыр. Өзінің көрермені қалыптасқан мәдени ошақ. Қойылымдарымыз балаларға да, ересектерге де арналады. Театрымыздың кассалық қойылымдары да бар. Қуыршақ театры болғандықтан, репертуарымыз көбіне балаларға арналады. Сонымен қатар, міне, 5-6 жылдай болды, ересектерге арналған қойылымдарды да көрсетеміз. Бұл спектакльдер тек біздің ғана сахнада емес, халықаралық сахналарда қойылып жүр. Негізгі Еуропа елдерінде қуыршақ театрының қойылымдары ересек адамдарға бұрыннан арналады. Ал бұл жанаша үрдістің біздің елімізге келгеніне 5-6 жылдай болды. Қазір осы бағытта көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгінде театр репертуарында ересектерге арналған 6 қойылым бар. Олар: «Ана – Жер Ана», «Ана жүрегі», «Макбет», «Ромео мен Джульетта», «Медя», «Абай».

Қуыршақ театрының жасы үлкен көрермендерге де айтары мол. Қуыршақтың мүмкіндігі көп. Оның үстіне, театрымыз қазір бірнеше синтезбен жұмыс істейді. Ол дегеніміз, бір спектакльде сіз хореографияны, ән айтқанды, драмалық бағытты, қуыршақ пен сценографияны көресіз. Театр қазір бір бағытта жұмыс істемейді. Мысалы, драма театрларынан

біз хореография мен акробатиканы кездестіреміз. Синтезді, яғни бір мезетте бірнеше бағытты қосып көрсететін қуыршақ театрының мүмкіндігінің шексіз екенін айтқым келеді.

Jas qazaq: Бүгінде технологияның қарыштап дамыған заманында қуыршақтардың да

ішінде көркемдік кеңес жұмыс істейді. Оның құрамында әртістер, режиссерлер, осы салада көп жыл қызмет етіп келе жатқан мамандар бар. Осы комиссия мүшелері әр қойылым сайын кезекші болып отырады. Ұжымдық жиналыс болған кезде комиссия мүшелері өз ойларын ортаға салады. Қай жерде кате кетті?

Қуыршақ театры көрерменге қуаныш сыйлайды

құрылысы өзгерді. Балалардың көңілінен шығу үшін қандай бағыттарға басымдық бересіздер?

Д.Жұмабаева: Қазіргі таңда қуыршақтың мүмкіндігі өте мол. Олар басын ғана қозғалтып тұрмайды, механизмдері де өзгерді. Әлем бойынша ең бірінші қуыршақ театры – Қытай қуыршақ театры. Қазір қуыршақтар тірі адам сияқты қозғалады. Тіпті саусақтарының барлығы қимылдайды. Бүгінде біздің театрымыздың қуыршақ жасайтын шеберлері де жана бір деңгейге көтерілді. Олар да қуыршақтың барынша қимылдауы үшін жаңа элементтерді қолдануда. Мысалы, драма театр актерлерін алып қарасақ, олар қойылымда акробатиканы қолдану үшін кәдімгідей ұзақ уақытын дайындықта өткізеді. Ал қуыршақ шебер жасалса, ол барлық қимыл-қозғалысты көрсете алады. Қуыршақтың мүмкіндігі көп деп отырғаным сол. Соңғы жылдары репертуар қоржынын заманауи бағыттағы үрдістерді қамтыған түпкі салмағы басым, форматы басқаша, күрделі де тың дүниелермен толықтыруды қолға алдық. Ең бастысы, дәстүрлі үрдістен алшақ философиялық және идеялық мазмұны кең, эксперименталдық шығармаларды жарыққа шығару кеңінен қолға алынды.

Jas qazaq: Қуыршақ театрының кішкентай көрермендерінің талғамы қандай? Олар қандай бағыттағы қойылымдарға көп келеді? Театр аудиториясын қалай зерттейсіздер?

Д.Жұмабаева: Біздің театрда «Даму» деп аталатын әкімшілік бөлім бар. Одан бөлек, театр



Не жетіспейді? Балалар қалай қабылдады? Осы сынды мәселелердің барлығы жан-жақты талқыланады. Біздің репертуардағы көрермен көзайымына айналған спектакльдер: «Жеті лак», «Үш торай», «Алладиннің сиқырлы шамы», тағы да осы сынды 15-20-ға тарта спектакльдеріміз бар. Қазіргі уақытта репертуарымызды кеңейтіп жатырмыз. Ресейден Батыр Кулаев деген режиссерді шақырттық. Ол Гауфманның «Тұмсықты ергежейлі» деген ертегісін қояды. Сондай-ақ алдағы уақытта өзіміздің режиссер Антон Зайцев әлемдік «Қаз бен аккулар» шығармасын қояды. Біздің театрымыз үзіліссіз жұмыс істейтінін ерекше айтып өткім келеді. Жаз мезгілі біздің ұжым үшін қарбалас кезен.

Өйткені Алматы мәдениет пен өнердің астанасы екенін білесіздер. Біз жазғы демалыста көрікті шаһарымызды тамашалауға келген қонақтарымызға өз шығармаларымызды ұсынамыз. Әсіресе, жазғы лагерьге келген кішкентай көрермендеріміз үшін үздіксіз қызмет етеміз. Біздің ұжымдағы әрбір қызметкер өз ісінің шеберлері. Өнерді шексіз сүйетін адамдар. Қуыршақты сөйлету, оған жан бітіру, балалардың көңілінен, әсіресе, талғамы мол көрерменнің

көңілінен шығу оңай емес. Сондықтан бұл театрда өз ісін құрметтейтін шынайы мамандар жұмыс істейді деп айта аламын. Ал осы адамдарды біріктіріп отырған нәрсе – өнер. Сондықтан өнердің шыңы саналатын сахна мәдениетін балалардың зердесіне қондыруға барлығымыз жұмыс істеуіміз керек. Әрбір ата-ана баласының рухани мәдениетін дамытып, таным көкжиегін кеңейтемін десе, балаларын қуыршақ театрына апаруы керек дер едім.

Jas qazaq: Бүгінде театр халықаралық фестивальдерге қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Алда тағы қандай фестивальдерге дайындалып жатырсыздар? Театрдың болашақтағы жоспары қандай?

Д.Жұмабаева: Алда бізде Ақтөбе қаласында өтетін Қуыршақ театрларының халықаралық фестивалі күтіп тұр. Біз бұл фестивальға «Абай» қойылымын ұсындық. Одан кейін Ақтау

қаласында өтетін «Әбіш әлемі» фестиваліне қатысамыз. Бұл фестивальдің ерекшелігі тек Ә.Кекілбаев аударған шығармалар ұсынылуы керек. Сондықтан біз бұл байқауға «Ромео мен Джульетта» шығармасын ұсынып отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, У.Шекспирдің бұл шығармасын қазақ тіліне ең алғаш аударған Әбіш Кекілбаев ағамыз. Одан кейін ұжым Болгарияның Варна қаласында өтетін «Алтын дельфин» қуыршақ фестиваліне

жол тартады. Біз мұнда да көркемдік кеңестің шешімімен «Ромео мен Джульетта» қойылымын ұсындық. Біздің шығарма әлемнің 165 елінен қатысқан қуыршақ театрларының үздік ондығына кірді. Театр ұжымы Түркияның Анкара қаласында өтетін қуыршақ фестиваліне қатысады. Ал қыркүйек айының ортасында бізде Ә.Хемингуэйлің «Шал мен теңіз» шығармасының премьерасы болады. Қазіргі таңда ұжым қызу дайындық үстінде. Әлемдік сахналарда қазақ өнерінің танылуына, оның ішінде қуыршақ өнерінің дамуына барынша үлес қосып жатырмыз. Оған театрдағы әрбір қызметкердің еңбегі зор.

Қуыршақ театры еліміздің ертенгі тұтқасы саналатын жас ұрпақты тәрбиелеуде айрықша орын алады. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген қанатты сөзінің астары тым терең. Біз тәрбиені баламыз құндағында жатқанда қолға алуымыз керек. Осыны ұмытпауымыз керек.

Мемлекеттік қуыршақ театры жыл он екі ай бойы балаларға өзінің сахналық қойылымдарын ұсынып келеді. Тек қаланың оқушылары ғана емес, ауылдық жердегі жасөспірім көрермендеріміз де театрмызға келіп, қойылымдарды тамашаласа деген тілегіміз бар. Театр залы көрерменге лық толса, актерлердің шабыты шалқып, делебесі қозып, ашылып ойнайды. Өйткені өнерде жүрген жандардың қамшысы – көрерменнің қолпаштауы мен ықыласы. «Тазарғын келсе, театрға бар» деген тәмсілге айналған сөзді жиі айтамыз. Ендеше, газет оқымандарына, ата-аналарға балаларын қуыршақ театрына әкелуді де мақсат етіп, әдетке айналдырсын дегім келеді.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы:
Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Мерген ТОҚСАНБАЙ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)
Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалалық көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1089; Бағасы келісім бойынша
Таралымы — 5000 дана
<i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.</i>
<i>Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i>
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.